



Алхан Бóкеіхан: «Ultqa qyzmet etý – bilimnen emes, minezden»

AQTOG'AY AJARY

1938 жылдың 15 тамызынан
бастан шығады

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

www.facebook.com/a.ajary.kz

№ 9-10 (7952) 7 наурыз, Бейсенбі 2024 жыл

aktogai_red@mail.ru



Ақ жаулықты аналар құрмет күшағында

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесі қарсаңында аудан әкімі Руслан Кенжебеков Сарышаған, Шашубай кенттері мен Тасарал, Ортадересін ауылдық округінде болып, түрлі салада тер төгіп, қоғам дамуы жолында қызмет етіп жүрген әйелдер қауымымен кездесті.

сый-құрмет көрсету парызымыз. Мейірімі мен шуағын төккен жылу мен жан жадыратар сұлулық сыйлайтын жарқын мерекеле өздеріңізбен жүз-дескеніме өте қуаныштымын. Ақ жаулықты анасын құрметтеп, ару қызын төрінен көретін халқымыздың әйел жаратылысына деген құрметі

Құрметті ақ жаулықты әселер, ару аналар! Қыз-келіншектер!
Сіздерді көктемнің шуақты мерекесі – 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Бүгінгі бар тіршілік, жарық дүние, бақытты өмір әйел-ананың аялы алақанында. Адамзат баласына тән қасиетті, сүйіспеншілік пен іңкәрліктің, сұлулық пен махаббаттың, қайырымдылық пен ақылдылықтың бар болмысын бір бойына сіңіре білген ақ пейілді, дарқан жүректі нәзік жандарға арналған мереке табиғаттың оянуымен бірге келуі бекер емес. Ана – тіршіліктің қайнар көзі, махаббаттың шуақ күні, мейірімнің көусар бұлағы. Ана сүтімен барша халықтың рухы, арман-үміті болып табылатын тілі мен тарихы, салт-дәстүрі, әдебиеті мен мәдениеті жас ұрпақ бойына дариды. Қазіргі қоғамымызда әйелдер тек отбасының береке-бірлігін ойлап қана қоймайды, мемлекетіміздің оркендеуіне және саяси-әлеуметтік, мәдени мәселелеріне белсене араласып келеді. Көп балалы аналар, дәрігерлер мен мұғалімдер, мәдениет пен спорт қайраткерлері, бизнес өкілдері, әскери адамдар, журналистер – барлығы да қоғамымыздың негізгі құндылықтары – бірлікті, жасампаздық пен тұрақтылықты нығайта отырып, мемлекетіміздің сенімді тірегі бола білді. Жандарыңыз нәзік болса да, бізге қуш-қуат, рух, жаңа бастамаларымызға шабыт беретін биік тұлғасыздар! Жан-жағына шуақ шашып, айналаны нұрға бөлеп, әлемді бағындырып, сіздермен бірге егемен елімізді одан әрі көркейту, оның әлауатын жақсарту жолында жұмыстанамыз. Құрметті ақ жаулықты әселер, ардақты аналар, қарақоз қарындастар. Бүгінгідей әсемдік пен сұлулық мерекесі күні сіздерге және жанұяларыңызға амандық, дендеріңізге саулық, шаңырақтарыңызға құт-береке тілеймін. Мейірімге толы жүректеріңіз бақыт ләззатына, қуаныш пен шаттыққа кенеле берсін! Көктем мерекесі құтты болсын!

Ақтоғай ауданының әкімі
Р.Кенжебеков.

Аудандық мәслихат төрағасы
Р.Әбеуов.



Көрікті кездесуде аудан басшысы әйел-аналарды көктемнің шуақты мерекесімен құттықтап, өңіріміздің өркендеуіне аянбай үлес қосып жүрген әйел-аналар мен қыз-келіншектер үшін бұл мейрамның ерекше мәнге ие екенін жеткізді.

«Құрметті ақ жаулықты аналар, әжелер, аяулы арулар! Сіздерді ару көктемнің мерекесі Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын. Жер бетіндегі жақсылық атаулы аналардың үлкен жүрегімен өрленуді десек, жылына бір тойланатын мерекеле олардың еңбектерін бағалап,

қашан да асқақ. Бүгінгі күні әйел – тек отбасының береке-бірлігін ойлайтын тұлға ғана емес, ол өмірге және мемлекеттің саяси мәселелеріне белсене араласатын қоғам мүшесі. Сондықтан біздің елімізде әйел адамның әлеуметтік қорғалуына, олардың өмір сүру деңгейін арттыруға айрықша мән беріледі», – деді Р.Айттыкөнұлы.

Өз кезегінде, шақырылған меймандар да аймақ басшысына деген алғыстарын білдіріп, өздерінің еңбек жолдары, жеткен жетістіктері турасында сөз етті.

Қабылдау соңы мерекелік концертпен жалғасты.



Мейірімділік пен сұлулықтың, даналықтың және рухани қуаттылықтың салтанат құрған күні ақтоғайлық аяулы аналар мен қыз-келіншектер ерекше құрметке бөленді. К.Байсейітова атындағы орта мектебінде аудан әкімі Руслан Кенжебековтың қатысуымен ауданның білім беру саласында ұзақ жыл қызмет жасаған ардагер ұстаздар мен мұғалімдерге арналған 8-наурыз Халықаралық әйелдер мерекесіне орай шара өтті. Мерекелік кешті ауданның білім бөлімі ұйымдастырды.

Мерекелік кеште нәзік жанды әйел қауымын үлкен қуанышқа бөледі. Айтылған ізгі тілектер мен шырқалған әннің бәрі-бәрі бұл күні асыл ана, адал жар, аяулы апа-қарындастар тақырыбында болды.

Нәзік жанды әйелдер қауымын шуақты мерекелемен құттықтаған өңір басшысы «Қашаннан бергі дәстүріміз бойынша біз бұл күні сіздерге – аналарымыз бен апа қарындастарымызға, қыздарымызға ең ыстық құттықтауларымыз бен ең ізгі тілектерімізді жолдаймыз. «Ізгілік атаулының бәрі күннің нұры мен ананың ақ сүтінен жаралған», – дейді халқымыз. Бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербеткен аналар қауымы ел ертеңіне нәр, тіршілікке әр беретін айрықша күшке ие. Сіздердің ауданымыздың өркендеуі жолында аянбай еңбек етіп әлеуметтік – экономикалық дамуына қосқан өлшеусіз ерен еңбектеріңізге зор ықыласпен ризашылығымызды білдіремін», – деп мереке қарсаңында ауданның әлеуметтік экономикалық дамуына үлес қосып жүрген бірқатар ұстаздар аудан әкімінің құрмет грамотасы мен алғыс хаттармен марапаттады. Мерекелік жиында өнер мектебінің ұстаздары мен өнерлі оқушылары концерттік бағдарламаларын қойып, ұстаздарға деген құрметтерін көрсетті.

Өз тілішімізден

Қазақ әйелі

Қадыр Мырза Әли

Төзімінді берсе сенің темірге,
Темірдің де түгі кетпес көмірге.
Қазақ қызы,
Қайран қазақ әйелі,
Не көрмедің,
Не кермедің өмірде?!
Қызды қатар қоймаса да үлменен,
Азамат па қадіріңді білмеген!
Ақ жаулықпен орап алтын басынды.
Отпен кіріп,
Шығып жүрдің күлменен.
Жұмсағанмен заман сені күн санап,
Жаманнан да ала білдің мың сабақ.
Жүн иіріп,
Кілем тоқып өрнекті,
Шекпен тіктің.
Киіз бастың.
Жүн сабап.
Тәулік бойы алмай тұғын жыр тыным.
Тойда тыныш өтті ме екен бір түнін.
Үйдің ғана жыртығы емес,
Туыстық,
Достықтың да сен жамадың
жыртығын.
Көк майсада қанның буы бұрқырап,
Кісінесе иесіз тұлпар шұрқырап,
Арасына ағайынның кектескен
Қай кезде де өзін түстің шырқырап.

Тағдыр сенің жиғызбады есінді,
Төзім сауыт тауқыметтен тесілді.
Жауға шаптың азаматтың жанында,
Жібекпенен тартып тастап төсінді.
Құм астында,
Су астында бір қалан.
Тарих біздің жұмбағы көп шырғалан.
Шүкір дедің жаудан кейін,
Қойнында
Аман қалса он балаңнан бір балаң.
Қыр қазағын қырған кезде
Оқалы
Шапан киген Бұқара мен Қоканың,
Мұрагерсіз қалмасын деп
Шалыңа
Өз қолыңнан алып бердің тоқалың.
Көлдей көріп махаббаттың
тамшысын,
Күтіп өттің жақсылықты жаршысын.
Егер бір ай көрінбесе сағындың
Күйеуіңнің өзі түгіл қамшысын!
Жолың кеспес қайнағаның, ағаның,
Сен бір гүлі, сен бір күні даланың.
Кітапсыз-ақ
Оқыдың сен кітаптай
Ата-ананың қасы менен қабағын!
Тыныштыққа кептіре алмай терлігің,
Өтті-кетті,
Өтті-кетті, шерлі күн.
Өздеріңнің бастарыңда
Қазақтың
Жазылмаған азабы мен ерлігі!..



Қош келдің, Қасиетті Рамазан!

Аса қамқор ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын!

Баршаңызға Алланың сәлемі мен амандығы болсын! Біріншіден сіздерді күллі әлем мұсылмандарын таң сәресінде оятып күн ұясына батқан шағында өзіне баурайтын Құдайдың мейірімі шексіз төгілген қасиетті рамазан айымен шын жүректен құттықтаймын. Ата-балаларымыз да бұл ай кірісімен бір-бірлерін құттықтап, балалар үй-үйді сүйіншілеп «Мұхаммед үмбетіне айтқан жарапазан, оразаң қабыл болсын ұстаған жан!» – деп, жарапазан айтатын бұл қасиетті айды күллі мұсылман жұртшылығы сағынып, ерекше қадірлеп, асыға күтіп алады. Алла Тағаланың әміріне бас иіп, ораза ұстап, мұқтаждарға жәрдемдесіп, тағат-құлшылықтар жасап, жан дүниесі рухани демалады. Рамазан айы мұсылман үмбетіне пайғамбар болған Мұхаммед Мұстафа Алланың игілігімен сәлемі болсын елшілік түсіп жаратқан жолында тандалды, сол тұңи адамзат баласын тура жолға, білімділік пен бейбітшілікке үндеген Қасиетті Құранның алғашқы аяттары түсіп жер бетін нұрландырды. Мінеки рамазан сол себептіде айлардың сұлтаны болмақ. Құранда Алла тағала бақара

сүресінің 183 аятында «Ей! Иман келтіргендер алдыңғы қауымға ораза ұстау қалай парыз етілген болса сендерге ораза ұстау парыз етілді», – делінеді. Осы жерде атап өтсек ораза ұстау балиғат жасына жеткен, денсаулығында еш кінәраты болмаған мұсылман баласына ораза ұстау міндет. Аяттың жалғасында « мүмкін тақуалыққа жетесіңдер» деп келеді. Яғни ораза басты міндеті адам баласын жақсылыққа ізгілікке имандылыққа тәрбиелеу. Пайғамбардың заманында екі қыздың оразасы жәйлы оқиға болған, бір күні Пайғамбарымыз мұсылмандарға ораза ұстауды әмір етеді және менім рұқсатымсыз ешкім ауыз ашпасын дейді. Кеш батысымен адамдар кезегімен ауызын ашуға келіп рұқсаттарын алып жатты, сонда бір қарт әке келіп: менім екі қызым бар еді оларға сізге тікелей келуге ұялғаннан мен келдім дейді. Сонда пайғамбарымыз олар ораза тұтсын деп қайтарады. Тағы бір шама уақыт өткен соң жанағ әке қайтадан келіп рұқсат сұрайды сонда Алла елшісі олар құссын дейді. Бұл жауапқа таңқалған әке: олар күні бойы еш нәр татпады қалайша олар құсады деп аңтаң болады. Бірақ бұл әмірді қыздарына жеткізіп қыздары бір кесек ұйыған қан құсқан кезде пайғамбарымыз бұған

егерде бұны іштен шығарылмай қалғанда бұны орны отқа толар еді деп айтқан екен. Себебі екі қыз тамақпен ішуден тиылғанымен өсек, ғайбат секілді тіл кесапатынан тиылмаған екен. Мінеки, құрметті жамаған оразаның міндетті тек ішіп жеуден емес барлық күнә жамандық атаулылардан тиылу болып саналады екен. Рамазан айы және де ауруға шалдығып шипа іздеген құлына шипа беріп, қарызға батып қиналған пендесіне жәрдем болған ай. Кім шынайы дұға етіп ықыласымен жаратушыдан тілегін сұраса ол сөзсіз қабыл болмақ. Сондықтан кім рамазан айы айына аман-есен жетсе барша жақсылықтан мақұрым қалып кетпеуі тиіс. Ертеде бір оқиға болған екен бір топ жолаушы сапар шегіп келе жатып алдынан бір қараңғы үңгір шығады екен. Үңгірге кірерде оларға ескертіліп былай делінеді. Кім үңгірде аяғына батқан тасты алатын болса өкініште болады, ал кім алмаса олда өкініште болады дейді, сөйтіп әлгі топ екіге бөлінеді тасты алғандар ақыры өкініште болған соң алып өкініште болайық деп келісіп, ал екінші топ алмай өтіп кеткен екен. Үңгірден жарыққа шыққан тастарды алған жолаушылар ол қымбат бағала тастар екенін көргенде, оны білгенде бұданда көбін алар едік деп өкініште

болған екен. Мінеки құрметті жамағат рамазан айының сыйы Алла тағала хадисте айтқандай ораза мен үшін онын сауабын өзім беремін деген секілді мол сауаптардан құр қалып қоймауымыз керек. Міне қасиетті де берекелі Рамазан айы есігімізді қаққалы тұр. Жоғарыда айтқанымыздай Рамазан сауабы мол ай. Бұл айдың әрбір уақытын, әр сәтін бос жіберіп алмауға тырысып, оны түрлі құлшылықпен, ізгі амалдармен өткізуге тырысқанымыз жөн. Сонда ғана қасиетті ай біздер үшін бір айлық рухани мектепке айналады. Рамазан айы – біздерге жылына бір мәрте келіп кететін қонақ іспеттес. Егер де біз оған лайықты құрмет көрсете алсақ, өзімен бірге қаншама ырыс-берекет қалдырып, қиямет күні өзіміз де құрметтілер қатарында болуымызға себепші болады.

Ендеше, Алла Тағала біздердің оразаларымызды қабыл етсін! Қасиетті айдағы әрбір игі істерімізге сауабын еселеп берілуін нәсіп етіп, елімізге берекетін дарытсын. Жаратушы Иеміз халқымызды жамандықтан сақтап, оразадан оразаға, айдан айға, жылдан жылға есендікпен жеткізе бергей! Әмин!

Е.Қапас,

Ақтоғай аудандық мешітінің бас имамы.

Ескертпе:

10 сәуір – Ораза айт.

Сәуір айының 5-інен 6-сына караған түн – Қадір түні.

Ораза ниеті: Алла Тағаланың разылығы үшін таң атқаннан күн батқанға дейін рамазан айының оразасын ұстауға ниет еттім.

Ауыз ашар дұғасы: Уа, Жаратқан Ием! Сенің разылығың үшін ораза ұстадым. Саған иман келтірдім, Саған тәуекел еттім, Сен берген ризықпен ауыз аштым. Уа, кешірімді Алла! Менің алдыңғы және кейінгі күнәларымды кешір!

Сақтық үшін сәресін 10 минут ерте жабу.

Пітір садақасы жан басына 640 теңге.

Пітір садақа және садақаны Kaspi.kz, Halyk Bank мобильді қосымшалар арқылы аударуға болады.

Ақтоғай ауданы бойынша 2024 жылдың ораза кестесі

РАМАЗАН АЙЫ	АПТА КҮНДЕРІ	НАУРЫЗ ЖӨНЕ СӘУІР	ТАҢ (Сәресі бітетін уақыты)	КҮННІҢ ШЫҒУЫ	БЕСІН	ЕКІНТІ	АҚШАМ (ауызашар уақыты)	ҚҰПТАН
1	Дүйсенбі	11 Наурыз	04:56	06:16	12:15	16:13	18:05	19:25
2	Сейсенбі	12 Наурыз	04:54	06:14	12:15	16:14	18:06	19:27
3	Сәрсенбі	13 Наурыз	04:51	06:12	12:14	16:15	18:08	19:29
4	Бейсенбі	14 Наурыз	04:49	06:10	12:14	16:16	18:09	19:30
5	Жұма	15 Наурыз	04:47	06:08	12:14	16:18	18:11	19:32
6	Сенбі	16 Наурыз	04:45	06:06	12:14	16:19	18:12	19:33
7	Жексенбі	17 Наурыз	04:43	06:04	12:13	16:20	18:14	19:35
8	Дүйсенбі	18 Наурыз	04:41	06:02	12:13	16:21	18:15	19:37
9	Сейсенбі	19 Наурыз	04:38	06:00	12:13	16:22	18:17	19:38
10	Сәрсенбі	20 Наурыз	04:36	05:58	12:12	16:24	18:18	19:40
11	Бейсенбі	21 Наурыз	04:34	05:56	12:12	16:25	18:20	19:41
12	Жұма	22 Наурыз	04:32	05:54	12:12	16:26	18:21	19:43
13	Сенбі	23 Наурыз	04:29	05:51	12:12	16:27	18:23	19:45
14	Жексенбі	24 Наурыз	04:27	05:49	12:11	16:28	18:24	19:46
15	Дүйсенбі	25 Наурыз	04:25	05:47	12:11	16:29	18:25	19:48
16	Сейсенбі	26 Наурыз	04:23	05:45	12:11	16:30	18:27	19:50
17	Сәрсенбі	27 Наурыз	04:20	05:43	12:10	16:31	18:28	19:51
18	Бейсенбі	28 Наурыз	04:18	05:41	12:10	16:33	18:30	19:53
19	Жұма	29 Наурыз	04:16	05:39	12:10	16:34	18:31	19:55
20	Сенбі	30 Наурыз	04:13	05:37	12:09	16:35	18:33	19:57
21	Жексенбі	31 Наурыз	04:11	05:35	12:09	16:36	18:34	19:58
22	Дүйсенбі	1 Сәуір	04:09	05:33	12:09	16:37	18:36	20:00
23	Сейсенбі	2 Сәуір	04:06	05:31	12:09	16:38	18:37	20:02
24	Сәрсенбі	3 Сәуір	04:04	05:29	12:08	16:39	18:39	20:04
25	Бейсенбі	4 Сәуір	04:02	05:27	12:08	16:40	18:40	20:05
26	Жұма	5 Сәуір	03:59	05:25	12:08	16:41	18:42	20:07
27	Сенбі	6 Сәуір	03:57	05:23	12:07	16:42	18:43	20:09
28	Жексенбі	7 Сәуір	03:55	05:21	12:07	16:43	18:44	20:11
29	Дүйсенбі	8 Сәуір	03:52	05:19	12:07	16:44	18:46	20:13
30	Сейсенбі	9 Сәуір	03:50	05:17	12:07	16:45	18:47	20:15

**Ақын, прозашы, аудармашы, публицист, алаштанушы, мемлекет және қоғам қайраткері, СӘДУАҚАСОВ Қайырбек Изатбекұлы – 80 жаста*



өмірден алынған. Өйткені өмір өзі бір сырт көзге көрінбейтін, тіп-ті адамның өзіне де біліне бермейтін заңдылықтардан тұрады. Сен сол заңдылықтың шеңберінен құтылуға талпыныс жасағанмен дәл сол кездегі айналадағы жағдай сенің таңдауына өзінің өзгерісін әкеледі, түзетуін жасайды. Тағдыр тақтасында жазылған заң айна-қатесіз сенің маңдайыңа көшіріліп басылады. Тіпті кей кезде таңдау да жоқ, отаныңды, туған жеріңді, ұлттыңды, ата-ананды таңдай аласың ба? Құдайдың сол берегінің

жері Желтау тұр, яғни Қайрекеннің аталары хан ұрпағының ордасымен ауылы аралас, қойы қоралас көрші қонып отырған. Осындай ұлттық рух ошағында, тектілік топырағында туған Қайрекеннің Абайдың «Ақыл өссе, ол түпсіз терең жақсылықты сүйемектікпен өсер» дегеніндей, құндылықтардың асылы – алаш тақырыбын өмірінің мән-мағынасына айналдырып, сол ұстанымы өзінің қайтаткерлік тұлғасын көріктендіріп тұрғанын көреміз. Қазақ руханиятына, өнері мен мәдениетіне үлес қосуға белсене араласуы, кітаптар шығаруы, Әлихан мен алаш мұрасын насихаттауы және жалпы Бөкейхан әулетінің көзі тірі үлкендерімен, әрі көсемнің өз кіндігінен тараған ұрпақтарымен етене араласып жүруі сол бағзы заманмен байланыс сабақтастығын күшейте түскендей. Қайрекеннің әке-

келесі жылы оқуға түсе алмаған соң ауылға баруға намыстанып ағамыз Қарағандыдағы «Гипроуглегормаш» ҒЗИ-ның автоматтандыру бөліміне лаборант болып орналасады. Қоғам өміріне аралалсуы дәл осы жерде, он жеті жасында басталды. «Жігітті жұрт мақтаған қыз жақтаған» дегендей, мектеп қабырғасында басталған үлбіреген ақ сезімдер үлкен махаббатқа ұласып, 1961 жылы күзде мектептегі құрбысы, болашақ жары Аманмен көңіл қосып, 1962 жылы Алматыдағы ҚазМУ-дің физика факультетіне оқуға түседі. Сол жылы тұңғыштары Ақмарал дүниеге келеді. Келер жылы бір жасқа толмаған нәрестені ата-анасына қалдырып, келіншегі Абай Атындағы ҚазПИ-дің орыс тілі мен әдебиеті факультетіне оқуға түседі.

Кейінгі курстарда оқумен қатар университеттің сол кезде жаңа бағыт болып есептелетін кафедраның лазерлік зерттеулер лабораториясында жұмыс істейді. 1968 жылы оқуды бітіре

ТҰҒЫРЛЫ ТҰЛҒА ТАҒЫЛЫМЫ

«Өмір кез-келген жазушының қиялынан әлдеқайда бай» Анна Зегерс.

Ес біле бастағанда әжем де, әкешем де Қайырбек деген есімді жиі айтып отыратын. Жәй ғана емес, зор ілтипатпен, үлкен ризашылықпен айтып отырар еді. Қазір әжем де, әкешем де жоқ, сол Қайырбек деген есімді бүгін біз де ерекше құрметтеп, қастерлеп айтып отырамыз. Ол кісі қоғам қайраткері, алаштанушы, ақын, жазушы, аудармашы, сазгер, суретші Қайрекен – Қайырбек Садуақасов. Шүкір, міне жетпіс өнері бір бойына сифан Қайрекен сексеннің сенгіріне шығып отыр. Кісілігі, еңбекқорлығы мен ұлтқа қызмет етудің үлгісі болған ағамызға деген қошеметіміз қолымызға еріксіз қалам алғызып отыр.

Сол кезде жасы отызға да жетпеген жас жігіт жұрттың көңілінен қалай шықты екен? «Көңіл» – деген көне түрік тілінде «жүректі» білдіреді, яғни көңіліне жаққаны – жүрегінен орын тапқаны, құрмет-ғиззатқа лайықты болғаны. Сонда естияр жұрттың «көңілінен шығу» үшін адам қандай болуы керек? Оны бағалайтын ұлтқа, жалпы адамзатқа бірегей құндылықтар санаты бар екені анық. «Ыбырай марқұмның сөзі бір тез, адам өзін сол тезге салса түзеліп кетеді» – дейді әулие Мәшһүр Жүсіп Абай жайында. Сол тезден өтіп түзелген, кемел адамның өлшемін Абайдың өзі беріп кеткен. «Кітаб тасдиқта» кемел адамның негізгі үш қасиетін айтады: адам әділетті, мейірімді, әрі ғылым-білімді болуы керек. Осы үш қасиет адамның мінезін толық қылады дейді хакім. Ал Әлихан «елге, ұлтқа қызмет ету мінезден» дегенде осы «толық мінезді» мензейді. Осы үш қасиетті дамыту жолындағы адам кемелдікке жету, ұмтылу, өсу жолында болады.

Сөз басындағы «Өмір кез-келген жазушының қиялынан әлдеқайда бай» - деген ой Қайырбек Садуақасовтың баспадағы «Алтын босаға» атты прозалық шығармалар жинағының эпиграфы. Автордың айтуынша өзінің барлық әңгіме-повестерінің кейіпкерлері мен оқиғалар желісі

ризашылықпен қабылдап, мақсат-миссиянды анықтап, бағдарынды түзетіп, Құнанбай баласының Алланы сүй, адамзатты сүй және әділеті сүй - деген өсиетін басшылыққа алсаң, тағдырдың өзі әртүрлі сынақтарға салып шындап, шынықтырып алған соң, сол шырғалаңына шыдап-төзіп, сынбай төтеп берген адамға абырой мен ырыздық-нығметін де аямай береді. «Сүйіншілесіп жүздесуге жазсын!», «Амандыққа абырой серік болсын» деген Қайырбек ағамыздың аузынан түспейтін тілектер. Абырой өзі келмейтіні белгілі, «Еңбек етіндер, сол еңбектің жемісін көріндер» – деген батасы деп түсінеміз. «Өзің түсінбеген нәрсені жалған деп қабылдама» – депті Ғазали ғұлама. «Ғұмыр өзі ақиқат» - депті Абай хакім. Өзіне тағдырдың жүктеген аманатын, яғни өзінің арқалаған миссиясын сезініп, түсініп, шама-шарқынша орындауға тырысқан адамның өмірі босқа өтіп жатыр, «дүние жалған» деп айта аласың ба?

Қайрекеннің өмір баспалдақтарына көз жіберсек «ұлт», «тіл», «алаш», «руханият» деген ұғымдармен сол тағдырдың өзі бір заңдылықпен туғаннан, туған топырағымен байланыстырып қойғандай көрінеді. Көргені мен түйгені мол ақсақалдың бойындағы бекзаттық пен білім, сөз бен өнер, ұстаным мен жол-жосын кешегі сайын даланы дүбірлеткен Жидебай мен Жалаңтөстей баһадүр батырлардан, сөз қонып елді аузына қаратқан Қараменді, Шабанбай мен Жанғұттыдай шешен-билерден, Нарманбеттей ақындардан, Әлихан, Әлімхан мен Жақыптай көсемдерден, Дінмұхамедтей (Сұлтанғазин) оқығандардан, Әсет, Күләш пен Манарбектей әнші-бүлбүлдерден, Аққыз бен Мағауиядай дәулескер күйшілерден қалған аманат, адастырмайтын жол болса керек. Қайрекен дүние есігін ашқан Ахметжан қыстағы мен иісі Бұланбайға мекен болған ата-баба қонысы Шылым, Қасабай деген өңірлер көне тұран мәдениетінің әйгілі ошағы Биғазы тауымен жапсарлас жатыр және отыз-қырық шақырымдай оңтүстікке жүрсеніз алаш көсемі Әлиханның кіндік қаны тамған

сі Изатбек марқұм соғыстан кейін қалаға көшіп барғанымен, елуінші жылдардың басында Қарағандыда көсібі де нәсібі де келісіп отырғанына қарамай, «балалар орыстанып кетеді» - деп бір күнде «Ақтоғай қайдасын» деп аудан орталығына көшіп келуі де «ұлттың» деп туған азаматтың сол маңдайындағы жазушының тағы бір көрінісі сияқты. Мектеп бітіре салысымен ерекше аттестаты дайын болмай, ағамызды тағы да сол тағдыр ауылда бір жыл жіпсіз байлайды. О бастан алдына биік мақсаттар қоя білген ағамыз сол кездегі бүкіл елдегі жалғыз Мәскеу энергетикалық институтына түсуге бел буады. Бірақ орыс мектебін алтын медальмен бітірген балаң жігіттің пешенесіндегі жазу тағы да туған топырақтан жыраққа жібермеді. Бес емтиханды да жақсы тапсырғанмен, Қазақстанға бөлінген орын төртеу ғана екен... Көне грек әпсанасында Геракл өзінің туған аралы Пелопоннеске табанын тіреп қуат алып отыратыны сияқты тағдырдың өзі «әлі де буыны қатайсын, жігерін жанып, қанатын кенінен қандау үшін ел ішінен әлі де көрсін, үйренсін» деп тұрғандай. Өйткені ол кезде сол Әлихандардың көзін көріп, пір тұтқан, ойы мен бойын кеңес идеологиясына алғызбаған «Мекалай заманы» қарияларының соңғы легі тірі еді. Ашаршылық пен соғысты көрген елдің де есі жиылып, мал мен жаны көбейіп, бүйірі шығып ас іше бастаған кезең. «Хрущевтің жылымығы» бітіп «брежневтің тоқырауының» басталған кезі. Дәстүрлі тұрмыстың үзілмей, өн мен күйдің жанданып, кешегі тыйым салынған зиялылардың біразы мен халық әнші-композиторларының ел арасына қайта оралған шағы, қазақтың «шестидесятниктері» де жеміс беріп қалың жұрт та рухани түлеу үстінде болатын. Қырда ұлттық құндылықтар қайтадан бұр жарған бір жаймашуақ кезеңде ел ішінде болуы ағамыздың елін сүйген азамат болып қалыптасуына өшпестей із қалдырғанына күмән жоқ. Бұны кездейсоқтық деп қалай айтасыз. Қайрекеннің абыройлы ғұмырының кілті осында жатса керек. ...Жігітті намыс өлтіреді демекші,

салысымен, ұсынған аспирантураға, Қарағандының пединститутында қызметке баруға ҚазМУ ректорының берген жолдамасына қарамай, екеуі ауылға оралуды жөн көреді. Тағы да туған топырақта, бірақ басқа сапада, өзі бітірген мектепте, аудандық оқу бөлімінде, кейінірек аудандық партия комитетінде 1975 жылға дейін қызмет атқарады. Сонымен кемеліне келіп қалыптасып, ұлттық ұызды мейірі қана ішкен жігіт, отызында орда бұзып, әке батасымен туған жерден түлеп ұшып, өзінің қайраткерлік кезеңін бастайды. Облыстық, кейіннен республикалық деңгейдегі саяси-әкімшілік, идеологиялық, мәдениет, баспасөз қызметіне араласы басталады. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ұлттық ояну және жаңа ұлттық құндылықтарды қалпына келтіру, қалыптастыру, насихаттау, қалың бұқараға жеткізу, шаралар ұйымдастырудағы қызметі мен шеберлігі де назардан тыс қалған жоқ. Бір мақала шеңберінде мұның бәрін сифызу да мүмкін емес.

Қайрекен жалпы саны жиырма бестен асатын әр түрлі тақырыптағы кітаптардың авторы.

Қайрекенмен сапарлас болу бір ғанибет. Ұзақ жолда көңіл түкпірінде жүрген, көпшілікке беймәлім талай сырдың тиегі ағытылады... Сондай онтайы келген тұста әңгіме дәмәтіп тосын сұрақтар қоятын әдетіме басамын. Бірде «Сөкенді аузыңыздан тастамайсыз, бұл тұлға қашан қызықтыра бастады?» деген сұрағыма айтқан жауабы есіме түсіп отыр. Ағаның айтуынша оқушы кезінде кітапханада бір газеттен ерекше нұрлы кісінің суретін көріп қалып, осындай сұлу қазақ болады екен-ау деп тамсанады. Қоса берілген мақаланы оқыса, ол ақын, жазушы, Қазақстан үкіметін басқарған Сәкен Сейфуллин екен. Ол кісінің бейнесінің ұнағаны сонша Қарағандыдағы пионерлер слетіне бір топ орыс классиктерімен қоса Сөкеннің қарындашпен салынған портреттер топтамасын алып барады.

Сұлтан ЫБЫРАЙ.

(Жалғасы бар).



жергілікті халықпен қимай қоштасып, Мәскеуге қайтып еді... Туған жердің топырағынан нәр алған олардың бойындағы қандары тулап, рухтары көтеріліп, түп тамырымызды таптық ау деген үміттері оянып, биліктің арнайы шақыртуын аңсап күтті. Алайда Тәуелсіздік алған 33 жылдың ішінде билік өкілдерінен шақырту болмағандықтан олар Қазақстанмен байланысын үзуге мәжбүр болды.

Әлиханды бағалайтын жұрт Әлиханның ұрпақтарынан неге алыстады? Оларды елге керек қылмай, бас тартуымызға, елеп-ескермеуімізге қандай жағдай түрткі болды? Не себеп?! Өкінішке қарай, қазақты өз алдына дербес ел қыламын деп қасық қаны қалғанша ұлт мүддесі жолында кү-

ғыс Азия дағдарысы мендеген ауыр кезең - 1998 жылы Ақтоғай ауданында сол кездегі аудан әкімі Төлежан Ахметбековтың болашақты әріден көздеген батыл қадамымен Ақтоғайда дүниеге келген Алаштың үш арысына ел тарихында тұңғыш рет «Тәуелсіздік күрескерлері» деген атпен биіктігі 15 метрлік композициялық ескерткіш орнатылып, алыптар тұлғасы даңқты тұғырына көтеріліп, тарихи әділдік орнағандығы ертеңгі болашаққа мол үміт сыйлап еді. Қарағандылық мүсінші Жаубасар Қалиевтің шеберлігімен Алаш арыстарына арнап қоладан жасалған алып ескерткіштің, аудан орталығындағы Лениннің тұғырынан құлатылған 7 метрлік қола мүсінінің қайыра балқытылған

зақстан» болып ақиқатқа айнала бастағандығын көрсетіп тұрғандығын мемлекет және қоғам қайраткері академик, Өмірзақ Озғанбаевтың: «Ұлы Алаш қайраткерлерінің идеясы бүкіл Қазақтың идеясына айналады», - деген ұстанымы қуаттап тұрғандай. Мемлекет және қоғам қайраткері Әлихан Байменнің: «Ұлт-азаттық қозғалыс жетекшісі, тұңғыш заманауи Қазақ үкіметінің басшысы болған Әлихан Бөкейханға Тәуелсіз Қазақстанның бас қаласы Астанада лайықты ескерткіш орнатылуы тарихи әділеттілік пен қоғамдық сана тәуелсіздігін қалыптастыру ісінде маңызды қадам болар еді», - деген орынды ұсынысы Ақтоғайда бастау алған игілікті бастама

Әлихан әлемі неге тұйыққа тіреле береді? (айтылмаған ақиқат)

«Әлихан Бөкейханның туған ұрпақтары Қазақстанға бірде-бір рет келмей, орыстанып кетті» деп орынсыз сөгетіндер еліміз өз тәуелсіздігін алған алғашқы жылдың өзінде Ұлт көсемінің Мәскеудегі ұрпақтары жерлестерінің шақыртуын қабыл алып, Алаш арысының кіндік қаны тамған қасиетті мекені - Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданына жүректері алып ұшып, ата-бабаларының туған жеріне үлкен сағынышпен арнайы келгенін біле ме екен?! Кейін оларды елге ешкім шақырмаған да, іздемеген де...

«Менің әкем Сергей (Өкітай) сіздерге шынымды айтар болсам, жартылай қазақ, жартылай орыс еді. Бұған ол кінәлі емес. Заман солай, тағдырдың жазуы солай болды. Жан сақтау үшін сырттан пана іздеуге мәжбүр болған. Атам атылып кеткенде мен бір жаста екенмін. Әкем атам туралы там-тұмдап болса да айтатын. Ал атамның туған жері Қазақстан екенін білсек те дәл осы Ақтоғай екенін, бұл жерде көп ағайын туыс бар екенін тіпті де білген жоқпыз. Арғы аталарымыздың бейітіне барып тағзым етіп қайттық. Қасиетті жердің бір уыс топырағын алдым. Оны бүкіл қазақтың ұлы болған Әлихан атамның көзіндей көріп, тұмардай сақтайтын боламыз», - деп ауыр күрсініп, жан сырын ақтарып еді Әлихан Бөкейханның туған немересі Евгений Өкітайұлы баласы Петрмен бірге осыдан 32 жыл бұрын туған елімен сағына қауышқан сапарында.

1992 жылы еліміз өз тәуелсіздігін кеше ғана алған алмағайып кезеңде Ақтоғай жұртшылығы, ауданның тұңғыш әкімі Сағадат Дүйсебековтің табанды бастамасымен 72 жыл бойы сіресіп қатып қалған сең бұзылып, Республика бойынша тұңғыш рет өткізілген «Алаштың Ақтоғайдан шыққан үш арысы» атты рухани шараға Ұлт көсемінің Мәскеуде тұратын ұрпағы арнайы қатысып, жерлестері ақбоз ат мінгізіп, құрмет көрсетті. Сол кезде Алаш арысының ұрпағы Ақтоғайдағы Талдыбейіт пен Ұлытаудағы Жошы хан мазарына тағзым ету аралық болып бүкіл Қазақ даласын аралап көргендей айрықша әсерге бөленіп,

ресіп өткен Әлихан Бөкейхан бабамыз халықтың қолдауына ие болып, Алаш мұрасын қайта жаңғыртуда жекелеген азаматтармен қоғам ұйымдарының және ынталы жастардың тарапынан үлкен талпынысты іс-шаралардың өткізілуіне қарамастан, күні бүгінге дейін билік тарапынан пәрменді деңгейде қажетті қолдау таппай, кешенді іс-шаралар жоспары қабылданбай отырғандығы алаңдатады. Бұл жерде біз білмейтін қандай құпия бар?!

Еліміз өз Тәуелсіздігін алған алғашқы сәттерде Алаш арыстарының атамекенінде өткізілген танымдық конференцияда академик, тарих ғылымының докторы Кеңес Нұрпейісовтің: «Біздер, тарихшылар, шынын айтсақ, Алашорданың алдында күнәлі болдық. Олар Тәуелсіз қазақ мемлекетінің негізін қалады», - деген әділ тарихи бағасы осыған дейін дәйексіз айтылып келген барлық құйтырқы сұрақтардың жауабын ел тарихында алғаш рет айқындап беріп еді.

Ал Алаштықтардың соңғы тұяғының бірі, жазушы Жайық Бектұровтың сол мерекелік шарада: «Әлихан ұлы Абайдың Күз, Қыс, Жаз, Көктем деген өлеңдерін Еуропаның ұлылары Гете мен Гейнеге теңеп тастаған. Абайдың өмірбаянын алғаш жазып кеткен де Әлихан болатын», - деген тұжырымы 55 жыл бойына топыраққа көміліп, рухы тапталып келген, «халық жауы» деген жалған жаладан енді ғана аршыла бастаған Алаш арысының алып тұлғасының жаңа қырын ашып берсе, арада қанша жыл өтсе де, осы екі алыптың терең ойын мақұлдаған Алаштанушы ғалым Сұлтан Ыбырайдың Алаш арысына арналған кейінгі бір рухани шарада: «Адам болуды Абайдан, Ел болуды Әлиханнан үйренсек, әлем көшінен қалмаймыз», - деген ұстанымы қазақ халқын әлем санасатын прогрессивті ұлт қалыптастыруда қалдырған құнды мұраларын жаһандану тенденциясына жұтылып, субмәдениеттің құрбаны болған бүгінгі жас ұрпақ санасына сіңіру қаншалықты қажет екендігін айғақтап тұр.

Тәуелсіз ел тарихында Оңтүстік-Шы-

қорытпасынан құйылғандығының өзі коммунистік партияның күні біржола қараң болып, есесіне «Алаш» партиясының жетекшісі, «Әлихан әлемі» дәуірінің басталғандығын жариялап тұрғандай жұртшылық көңіліне сенім ұялатты. Ұлт көсемінің туған жерінде тұғырға көтерілген бұл ескерткіш Алаш арысына болашақта республика аумағында орнатылатын барлық ескерткіштердің қозғаушы күшіне айналуы қажет еді.

Содан бері 25 жыл өтсе де, Ұлт көсемі Әлихан Бөкейханның бейнесін танытатындай бір зәулім ескерткіштің Қарағанды қаласындағы есімі берілген ауданда күні бүгінге дейін орнатылмағаны былай тұрсын, көңілге қонбайтын лайықсыз жасалынған эскизінің өзі жұртшылық арасында наразылық туғызып отырғандығы «Алаш мұрасын түгендеуде үлкен іс-шаралар атқарылмай келе жатыр» деген тұжырымның айғағына айналып тұр. Тіршілігінде туған елінен екі жарым кез жердің топырағының бұйыруын армандап, «Қазақтың жері тек Қазақтың ғана меншігі», - деп әлемге жар салып кеткен Әлихан Бөкейханға Қарағанды өңірінде ескерткіш орнатылатын жерді сәулеттендіруге лайықты алаңды тауып беру жергілікті әкімшілікке сын болатындығы баршамызды алаңдатууда. Ресей ғалымы Виктор Козодойдың: «Әлихан Бөкейхан туған жерінде ескерткіш орнатып, көше, аудан, университетке есімін беруге әбден лайық өте мықты тұлға. Мұндай ірі тұлға кез келген ұлтта кездесе бермейді», - деген көзқарасы Алаш қайраткері Әлихан Бөкейханға қатысты Әділетті Қазақстанда тарихи әділдік орын алуы қажеттігін көрсетеді.

1998 жылы Ақтоғай ауданында Алаштың үш бірдей арысына арналып орнатылған зәулім ескерткіштің заңды жалғасы ретінде 2014 жылы аудан әкімі Ниқанбай Омархановтың ақсақалдардың бастамасын қолдауының нәтижесінде аудан орталығында республикадағы тұңғыш «Алаш алаңының» ашылуы «Кешегі Алаш идеясының – бүгінгі Тәуелсіз Қа-

зақстан» болып ақиқатқа айнала бастағандығын көрсетіп тұрғандығын мемлекет және қоғам қайраткері академик, Өмірзақ Озғанбаевтың: «Ұлы Алаш қайраткерлерінің идеясы бүкіл Қазақтың идеясына айналады», - деген ұстанымы қуаттап тұрғандай. Мемлекет және қоғам қайраткері Әлихан Байменнің: «Ұлт-азаттық қозғалыс жетекшісі, тұңғыш заманауи Қазақ үкіметінің басшысы болған Әлихан Бөкейханға Тәуелсіз Қазақстанның бас қаласы Астанада лайықты ескерткіш орнатылуы тарихи әділеттілік пен қоғамдық сана тәуелсіздігін қалыптастыру ісінде маңызды қадам болар еді», - деген орынды ұсынысы Ақтоғайда бастау алған игілікті бастама

бас қаламыз Астанада жалғасын тауып, елордамызда барлық Алаш қайраткерлерінің рухына тағзым етуге арналған «Алаш алаңы» ашылып, сол жерде Алаш мемлекетінің негізін қалаушы, тұңғыш президенті Әлихан Бөкейханның рухты күрескерлік бейнесін танытатын зәулім ескерткіш орнатылуына қатысты азаматтық қоғамда сұраныс жоғары екенін айқындайды.

XXI-ші ғасырды Алаш рухымен қарсы алған Ақтоғай аудандық мәслихат депутаттары халықтың қолдауының арқасында біртіндеп құлаштарын кенге сермеп, 2001 жылы Қарағанды қаласының «Октябрь» ауданына Әлихан Бөкейхан есімін беру туралы сол кездегі Қарағанды облысының әкімі Камалтин Мұқаметжанов пен облыстық мәслихат хатшысы Қасембек Медиевке хат жолдаған еді. Алайда бұл ұсыныс қызыл империя жанкүйерлерінің «Қазан» төңкерісінің символын ауыстыруға жол бермеген қарсылығына тап болып, уақытша тоқтап қалған. Бұл келеңсіз әрекет Алаш қайраткерлерінің рухын ұлықтау бағытында халықтың қалаулы ұсыныстар жасауына қарамастан жергілікті биліктен дер уақытында қолдау таппағандығының айғағы.

1937 жылдың қанды қырғынында аяусыз құрбан болған Алаш арыстарының мүрдelerінің қайда жерленгендігін білудің өзі арманға айналған арпалысты жылдардың бірінде яғни, 2011 жылы Алаштықтар рухының жоқшысы, жерлесіміз, ғылым докторы, профессор Нұрлан Дулатбековтың азаматтық табандылығымен тағдырлары тоғысып, бір күнде атылған Әлихан Бөкейхан мен Нығмет Нұрмақовтың өртелген мәйітінің күлі көмілген беймәлім орны Мәскеудің Дон қабірстанындағы №1 шұңқырдан табылып, «Ей, төкаппар дүние Маған да бір қарашы! Танысың ба сен мені? Мен қазақтың баласы», - деген дауылпаз ақын Қасым Аманжоловтың бір ауыз өлеңі жазылған қара **(Жалғасы 5-бетте).**

мрамордан ескерткіш тақта орнатқан көпке үлгі боларлық өнегелі ісі бүгінгі жас ұрпақ санасында сілкініс тудырып, Алаш мұрасын түгелдеудегі аса маңызды тарихи әділ шешімге айналды.

ҚР Мемлекеттік кеңесшісі, саясаттанушы, ғалым Ерлан Қарин 2011 жылы «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясының хатшысы болып тұрған тұста Әлихан Бөкейханның туған жеріне рух іздеп барып, ата-бабасы жерленген «Талдыбейіт» қорымында құран бағыштатып ерекше толқынысты әсермен Астанаға оралып, ұлытұлғаның есімін ұлықтауды өзіне перзенттік парыз санап, көп ұзамай «Нұр Отан» партиясының пәрменімен «Алаш мұраты және Тәуелсіз Қазақстан» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның өтуіне мұрындық болып, баба рухын ғаламдық деңгейде көтеріп еді. Халықаралық мәртебеге ие болып, Тәуелсіздік Сарайында 100-ге тарта ғалымның қатысуымен өткен осы игі шарада Әлихантанушы ғалым Сұлтан Хан Аққұлының алты томдық шығармалар жинағының тұсауы кесіліп, Әлихан баба рухына Құран оқылып, ас берілуі - Тәуелсіз ел тарихында маңызды басымдыққа ие болып, «Нұр Отанды» «Алаш» партиясының мұрагері ретінде танытты. Тарихи шарада Жапонияның Хоккайдо университетінің профессоры Уяма Томохиконың «Әлиханның көзқарасында прогрессивтік және Европашылдық идеялармен қатар қазақты сақтап қалу идеясы болды. Сондай-ақ ол модернизациялық және кәсіби көзқарастарға бай болды. Әлиханды қазак зиялыларының кемел бейнесі деуге болады», - деген терең тұжырымы Әлихан бабамыздың «қазаққа қызмет қылмай қоймайтын» кемел тұлғалық болмысын бүгінгі жас ұрпақ одан әрі тани түсіп, Алаш идеясынан нәр алу қажеттігіне ой тастап еді.

Әлихан Бөкейханның «Жіңішке өзені бойындағы «Атақорымның» екі жарым кез жерінен маған да топырақ бұйырса екен» деген арманының орындалмай қалғанын перзенттік парыз санап, туған жері Желтауда әр жылдары Әлиханның орын тағы болған Қара тасқа бұл тас «Хан тағы» болсын деп атау берген Алаштанушы ғалым, профессор Айгүл Смақова жетекшілік жасаған «Әлихан Бөкейханның ізімен» атты халықаралық экспедиция мүшелері 2015 жылы «Талдыбейіт» қорымынан кие тұтып алған бір уыс топырақты Мәскеудің Дон зиратындағы қасіретті қабірге бауыры Нұрым Бөкейхановтың қолымен салғызған. Төре ұрпақтарының өзегін өртеп келген өкінішіне жұбаныш боларлық жас ғалымдардың қатысуымен өткен бұл талпыныста мол сауаптың жатқаны ақиқат.

2015 жылы халықаралық аса беделді ұйым ЮНЕСКО өзінің 38-сессиясында «Мемлекет және қоғам қайраткері Әлихан Бөкейханның туғанына 150 жыл толуына арналған шараларды ЮНЕСКО-ның аясында өткізу туралы» және Ұлт көсемі Әлихан Бөкейханды «Бүкіләлемдік шынайы даңқты қайраткер» деп танып, қарар қабылдаған. Бір жыл бұрын жол ашып берген пәрменді құжатты басшылыққа алған әрбір деңгейдегі аймақтар дайындыққа қызу кірісіп кеткен. Ел

ауызында аңызға айналып, Семейдің «Қарауылында» өткізілген Абайдың 150 жылдық тойы Ақтоғайдың «Жекежалында» Әлихан даңқымен жалғасатын болды деген болжамдар да жасалған. Алайда Тәуелсіздігіміздің 25 жылдық датасымен тұспа-тұс келген руханияттық құндылықтар қатарын толықтыратын мемлекеттік деңгейдегі бұл маңызды шара түсініксіз жағдайда туған жері Ақтоғай ауданындағы есімі берілген орта мектептің алдына орнатылған Әлихан бюстісің, туған бауыры Смақан баласы Балабаршынның облыс әкімі Нұрмұхамет Әбдібековпен бірлесіп ашуымен ғана тынған. Жоспарланған қыруар игілікті істердің мерейтойды өткізуге қаржы қаралмаған деген сылтаумен аяқсыз, іске аспай қалғандығы елдігіміздің рухын төмен түсіретін өкінішті оқиғаға айналған болатын. Әлихан Бөкейханның 150 жылдық мерейтойын атап өту жөніндегі ЮНЕСКО-ның шешімі қолдау таппаса да, 2022 жылы Әлихан Бөкейхан туралы деректі фильмнің Астанада өткен тұсаукесерінде саясаткер, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Ерлан Саировтың «Ұлт көсемінің қазақты халықаралық мемлекет субъектісі ретінде дүниежүзіне танытқан ұлы қайраткер деп айтуымызға толық негіз бар», - деген ұстанымының өзі, Әлихан Бөкейханның әлем мойындап, бағалаған даңқты қайраткер тұлға екендігін бұрынғыдан бетер биіктете түскендей.

Әлихан есімінің түрлі кедергілерге кезігіп, өз деңгейінде ескерілмеуіне қарамастан, Ұлт көсемінің рухын биікке көтеру тоқтаған жоқ. 2018 жылы республикалық «Ақ жол» Демократиялық партиясының төрағасы Азат Перуашев бастаған парламенттік фракциясының ұсынысымен Санкт-Петербургтағы Әлихан оқыған бұрынғы Императорлық Орман институты, қазіргі Санкт-Петербург мемлекеттік орман-техникалық университетінің Ғылыми кеңесінің Бас ғимаратында Әлихан Бөкейхан баба құрметіне арнап университет әкімшілігінің қолдауымен ескерткіш тақтаның орнатылуы - қазақты өз алдына азат ел қыламын деп бүкіл саналы өмірін тауқыметті күреспен өткізген Алаш көсемінің есімінің халықаралық дәрежеде лайықты бағаланып, құрмет көрсетілуінің айқын көрінісі.

Әлихан Бөкейхан туған бүгінгі Шабанбай би ауылдық округіндегі Әлімхан Ермеков атындағы орта мектепті осыдан 30 жыл бұрын бітірген тұлғалар 2020 жылы өздері бастама көтеріп, қаржы жинап елді мекен орталығына Әлихан Бөкейханның бюстісін орнаттырып, патриоттық танытып, ел-жұртты таңқалдырғандығы Ұлт көсемінің рухын ұлықтауда пәрменді қадамдар жасауға батылдары жетпей жүрген ағаларына жол бастап бергендей көзқарас туғызды. Сол салтанатты іс-шарада Алаштанушы ғалым, профессор Тұрсын Жұртбайдың: «Әр ұлттың бүкіл тағдырын ұйытқан тұлғалар болады. Әлихан Бөкейхан сол қазақ ұлтының мың жыл бұрынғы және кейінгі күрес күндеріндегі өткен, кеткен тарихының бәрін талдап, тұжырымдап, біртұтас Алаш идеясына біріктіріп берген тұлға. Әлиханның туған жерінде тұғырға көтерілген ескерткіштің бүкіл қазаққа үлгі болатыны, бұл ескерткішті 1990

жылы мектепті бітірген тұлғалар өздері ауыл үшін, туған жері үшін деп қаражат жинап, біріктіріп, идея қосып, орнатқандығында. Әр ұрпақ өзінің Әлиханға, сол арқылы Алаштың біртұтас идеясына деген өзінің рухын түлететін болса, Қазақ мемлекеті мәңгілік мемлекеттің қатарында болады», - деген ойы Әлихан бабамызды бүкіл Қазақ елі қолдап тұрғандығын тағы бір айқындап, Алаш идеясы ертенгі ел тұтқасын ұстайтын жастардың болашағына жол ашып тұрғандай.

2001 жылдан бері көтеріліп келе жатқан халықтың қуатты үні билік тарапынан қолдау тауып, 2021 жылы Қарағанды қаласының Октябрь ауданына Әлихан Бөкейхан есімінің берілуі - тек Қарағанды үшін ғана емес күллі Қазақ елі үшін қуанышты жаңалыққа айналып, жаратылыс жаңғырығындай толқын тудырды. Қаншама уақыт бойы тұмшаланып келген Әлихан Бөкейхан есімімен республика бойынша алғаш рет өзінің туған жеріндегі ауданның аталуы - ұрпақ мойындауын күткен баба рухына зор құрмет болса керек. Алаш көсемінің есімінің Октябрь ауданына берілгені Алаш рухын іздеуші жастардың арасында үлкен серпіліс туғызғаны соншалықты Арқа еліне республиканың түкпір-түкпірінен келген 40-тан астам жас журналистердің бәрі Әлихан бабамыздың туған жеріне ат басын бұрып, баба рухына құран бағыштап, тағзым етіп: «Ұлттық санамыз дүр сілкінді, тегіміз тебіренді. Әлихан бабамыздың туған жеріне келгенде, Ұлт көсемі отырған Хан тағына шыққан кезде өзінді тура осы кең байтақ жердің иесі екенінді сезінесін. Бұл сезімді әр қазақтың баласы сезініп өтуі керек. Әр қазақтың баласы осы жерді көруі керек. Алаштықтар туралы есту аз, оларды тану керек», - деп Әлихан бабамыздың туған жерінен нәр алып, үлкен толғаныспен қайтты. Одан әрі қарай Қарағанды жастарының табанды ұсынысымен Әлихан бабамыздың есімі берілген ауданда Ұлт көсеміне арнап мурал салынып, билбордтар орнатылды. Ғасыр адамы атанған әйгілі профессор Темірғали Көкетаевтың: «Қарағандылықтар үшін, Қазақ халқы үшін өте қуанышты күн болып тұр. Біз Әлихан Бөкейхан ауданында тұрамыз, балаларымыз бен немерелеріміз Әлихан Бөкейхан ауданында туғанбыз деп мақтанатын болады. Әлиханның аты өмірлік қалады», - деген тебіренісі, халқымыз зарыға күткен көңіл қуанышына айналды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылдың 5 қазанында Қарағанды облысының жұртшылығымен кездесуінде: «Қарағанды табиғи байлығымен қазыналы деп аталмағаны анық. Талай тарихи оқиғаның куәсі болған шежірелі аймақтан қазақтың көптеген біртуар тұлғалары шыққан. Қарағанды - Әлихан Бөкейхан, Жақып Ақбаев, Әлімхан Ермеков сияқты Алаш арыстары дүниеге келген қасиетті жер», - деген сөзі Алаш қайраткерлерінің есімін қайта жаңғыртуда еліміз өз тәуелсіздігін алғаннан бергі 31 жылда алғаш рет берілген әділ баға ретінде жұртшылық көңіліне үміт ұялатты.

2022 жылдың 9 желтоқсанында Октябрь ауданына Ұлт көсемі есімінің берілгеніне бір жыл толуына орай

Әлихан Бөкейханның туған жерінен бастап Мәскеуге дейінгі аралықта 1992-2022 жылдары өткізілген рухани-танымдық шараларды кейінгі ұрпаққа таныстырып, тағылымды өнегеге айналдыру мақсатында Әлиханның шырақшысы атанған Тұңғышбай Мұқан мен немересі Медеу Әбәзардың бастамасымен қоғамдық негізде өз күштерімен «Әлихан Бөкейхан - ұлт азаттық күрескері» атты танымдық-деректі фильм тарту етіліп, кинотуындының тұсаукесері еліміздің бірқатар өңірінде өтіп, Әлихан баба рухын іздеген көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Алайда күні бүгінге дейін неге Әлихан Бөкейханға арнап көркем фильм түсірілмей келе жатыр... Мұның сыры неде?!

Белгілі Әлихантанушы ғалым Сұлтан Хан Аққұлы: «Әлиханның адал үзенгілестері, шәкірттері болған Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығын кең ауқымда тойладық. Ахмет Байтұрсынұлы туралы керемет сериал түсірдік. Міржақып Дулатұлы туралы деректі фильм түсірдік. Ал неге осы күнге дейін Әлихан Бөкейхан туралы көркем фильм түсірген жоқпыз?! Ең қызығы, осы биыл ғана бюджетті бекітетін Үкімет жанындағы мекемеаралық комиссия «Қазақфильм» Ұлттық киностудиясы тарапынан ұсынылған Әлихан Бөкейхан туралы көркем фильм түсіруге қаржы жоқ деп, қаржы бөлген жоқ. Бүгінгі қазақ мемлекетінің іргетасын көтеріп, тұңғыш басшы болған тарихи тұлға туралы тіпті көркем фильм түсіруге қаржы табамай қалады», - деген ойы барша Қазақ елін мазалайтын көкейтесті сұрақтың жауабына іздеу салғандай...

Ұлт азаттығы жолында аянбай күресіп, Ұлт көсемі атанған, «Бүкіләлемдік шынайы даңқты қайраткер» деп танылған Әлихан Бөкейхан туралы көркем фильм шығаруға не кедергі келтіріп тұр? Өкінішке қарай, осындайда белгілі Алаштанушы ғалым, заң ғылымдарының докторы Қабылсаят Әбішевтің: «Қазақ халқында азаматтың басын біріктіріп, көш бастап шыққан Әлихан Бөкейханға Ахмет Байтұрсынұлы «Көсемдердің көсемі»-деп баға берген. Алайда, Үкімет тарапынан да, ғылым тарапынан да, зиялы қауым тарапынан да Әлиханға тиісті баға берілмей жүр. Біреулер Ахметтен, Міржақыптан, тіпті Тұрар Рысқұловтан төмен көрсетеді, Әлихан әлі күнге өзінің тарихи бағасын ала-алмай келеді», - деген қынжылысы қоғамда кезіккен бүгінгі беймәлім әрекеттердің салдарынан Әлихан әлемінің тұйыққа тіреліп тұрғандығын айқын аңғартқандай...

Қалай десек те осыдан 107 жыл бұрын Алаш Орда мемлекетінің негізін қалаған Алаш қайраткерлерінің жетекшісі Әлихан Бөкейхан бабамыздың рухын көтеру бағытында тәуелсіз ел тарихында атқарылған игілікті жұмыстар алдымызда келе жатқан Әлихан Бөкейханның 160 жылдығына орай арнайы іске асатын кешенді іс-шаралардың деңгейінде жалғасын тауып, халық күткен оң нәтижеге жетсе, Алаш қайраткері Әлихан Бөкейханға саяси тұрғыда баға берілсе - Әділетті Қазақстанды орнату бағытындағы жасалған үлкен қадам болар еді.

Зарина Әшірбек
(мақала ғаламтордан алынды)

Бесік жырың ғұмырымды күй қылған, Есіл нұрың ойыма ақыл құйдырған.



Жазда Жанарқа адамдарымен құдандалы болып, құдалықта отырсақ үлкен құдағи: «Қоңыратта тұрам дедіңіздер ме, сол жақта Бакирова Шайза деген кісі бар ма?» – деп сұрап жатты. Жолдасым: «Міне, мына кісі сол кісінің қызы», – деп мені көрсетті.

Сөйтсек үлкен құдағидың да аты Шайза екен. КарПи-дің химия-биология факультетінде оқыған екен. Анаммен аттас болған соң ба КарПи-дің факультет деканы соңғы курста жүрген анам Шайзаны сыртынан көрсетіп: «осы Шайзадай болсаңдар болды, соған ұқсап бағындар», – деп айтқан екен.

Анам Шайза 40 жыл Қарағанды облысының, Ақтоғай ауданына қарасты Қоңырат кеңшарында Кеңес Одағының батыры Қ.Нұржанов атындағы орта мектепте еңбек етіп, оның 20 жылын мектеп директоры қызметін атқарған абзал жан.

Алаштың үш арысы туған, небір касиетті, атақты адамдарымен мақтанатын Ақтоғай тарихында анамның ерен еңбегі бағаланып, аты жөні «Қарағанды облысының ұлағатты ұстаздары», «Ақтоғай энциклопедиясына» енді.

Сонау жылдардың дерегіне үнілетін болсақ, 1964 жылы аудан басындағы М.Горький мектебіне жұмысқа келген жас маман бірден көзге түсіп, жас болса да бас болып, 1969 жылдан бастап қазіргі Жидебай селолық округындағы (бұрынғы Қоңырат совхозы) Қ.Нұржанов атындағы орта мектепке директор және химия-биология пәнінің мұғалімі қызметін атқара бастайды.

Ол кездері шалғайдағы, совхозға қарасты бөлімшелердің оқушы балалары мектеп жанынан ашылған 120 орындық интернатта жатып оқыды. Бала санының көптігінен мектеп екі ауысыммен оқитын. Күнүзак топтары жұмыс жасады. Мектеп оқушыларының саны бергінде аудан басындағы СПТУ ашылғанша 480-550 ден түспеді. Білім ошағында сапалы білім мен саналы тәрбиеге ден қойылды. Сол кездегі мұғалімдердің жанкешті еңбегінің нәтижесінде мектебіміз ауданымыздың бетке ұстар мектептеріне айналды. Құдайберген Нұрғали – тарих мұғалімі, Асылбеков Оңғарбек оқу ісінің менгерушісі,

Мен анаммен мақтанамын

Мусина Лена, Шакеева Нұржамал, Сауранбаева Мира–орыс тілі мұғалімдері, Секербаева Рая, Стамбекова Света, Асанова Жанұзақ қазақ тілі мұғалімдерімен қоян қолтық жұмыс жасады. Балхаш, Жезқазған, Саран қаласындағы педучелищелерінің алғашқы түлектері Ынтықбаева Күлпан, Жанпейісова Бибігүл, Әлімханова Света, Жұмашева Назираш, Сәмбетова Алтын мұғалімдер бастауыш сыныптарға беріп, қазіргі уақытта тірілері еңбектерінің зейнетін көріп отыр. 1974 жылдан бастап социалистік жарыстың жеңімпазы болып мектеп ұжымы басқа мектептерге озат білімімен, тәрбие жағынан үлгі болды. Нәтижесінде анам 1974 социалистік

оқу орындарын бітіріп, мектебіміздің кадрларын толықтырып отырды. Орыс тілі мамандарын дайындау үшін Украинадағы Житомир қаласында түлектеріміз жыл сайын ауданымыздың жолдамасымен оқуға түсіп ауданымызда орыс тілі мұғалімі болып жұмыс істеулеріне мұрындық болды. Әлуақасова Бакша, Жұмабаева Гүлмира, Шарипова Перизаттар осы мектебіміздің түлектері болатын.

Физика, математика пәнінен де мектеп түлектерінің осы мамандыққа сұраныстарын қанағаттандырып, қазіргі таңда білім беру саласында жемісті жұмыс жасауда. Атап айтсақ Омаров Қайрат, Хамзин Талғат, Мұстафина Бакша т.б.



жарыстың жеңімпазы белгісімен марапатталады.

1967 жылы КПСС қатарына қабылданып, үлкен жауапкершілік жүгін абыроймен атқарды. 1971 жылы Қарағанды облыстық комитетінің мүшесі болып сайланады. Бұл жылдар жемісті еңбек жылдары болды. Жасөспірімдерге білім және коммунистік тәрбие берудегі табыстары үшін 1978 жылы Қазақ ССР Оқу министрінің «Құрмет грамотасымен» марапатталады. Сонымен қатар мектеп басқарып, оқушыларға білім берумен бірге еңбекшілер арасында насихатшылық жұмысты қоғамдық негізде қоса атқарғаны үшін 1980 жылы Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет Грамотасымен марапатталады. Осы жылы, яғни, 1980 жылы 11 қыркүйекте Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері значогымен марапатталады. Толағай еңбегі елүсіз қалмай 1984 жылы «Еңбек ардагері» атағын иеленеді. 1970-1989 жылдары Киров селолық кеңесі депутаты болып сайланып, жұмыстар атқарды. Табиғатынан қарапайым анам білім ошағында басшылық етіп қана қоймай пед кадрларды тәрбиелеумен де айналысты. Физкультура, орыс тілі, шет тілі мамандары жетіспей, білімді оқушыларды педагогикалық орындарда оқуына себеп болып, нәтижесінде мектеп түлектері жоғары

Мұстафина Бакша қазір Алматыдағы Әл-Фараби атындағы мамандандырылған лицей директоры. 1990 жылы Жезқазған облыстық білім беру басқармасының №47 бұйрығы бойынша анама «Аға мұғалім» атағы берілді.

Кезінде екі ауысыммен оқитын мектеп тарлық етіп 1986-87 жылы ауылымыздан 660 балаға арналған 3 қабатты мектеп салынды. Анам осы мектептің ойдағыдай салынуына күні-түні еңбек етті. Мектептің жүк машинасымен кейде өзі де қоса баратын. Сол мектепті көргенде анамның жұмыс басты келбеті көз алдыма келе қалатын. Қазір өзім еңбек ететін білім ошағына анамның қол таңбасы түскенін ойлап мақтаныш етіп жүремін.

Анам өкем Төлеуқадыр екеуі 6 бала тәрбиелеп өсіріп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырған, өмірінің жалғасынөмере, шөберелерін аялап отырған ардақты жандар. Балаларының бәрі жоғары білімді білікті мамандар. Қазақстанның әр қаласында қызмет жасап, өз еңбектерін адал өтеп жатыр.

«Ауылында қартың болса, жазып қойған хатпен тең» деп халық даналығында айтылғандай, бір әулеттің, қала берді бір ауылдың сөз ұстар анасына айналған Шайза Бөкірқызы биыл 80 жастың сенгіріне келіп отыр. Мен анаммен мақтанамын.

Индира Ашкеева.

8 наурызға қатысты 8 ақпарат

1. 1910 жылы Әйелдердің халықаралық конференциясында Клара Цеткин 8-наурызды Әйелдердің халықаралық күні деп жариялады.

2. Бұл мереке Ежелгі Римде де тойланған – ол күні күндер дем алған.

3. 1950 жылы 8-наурызда КСРО елде атом бомбасы бар екенін мәлімдеді.

4. Көптеген капиталистік ел бұл күнді мереке ретінде қабылдамаған. Бірақ, осыған ұқсас: Америкада – Аналар күні, Францияда – Әжесер күні, Жапонияда Қыздар күні жазда атап өтіледі.

5. Мадагаскарда 8-наурызда тек қыз-келіншектер демалады.

6. Қытайда 8-наурыз жұмыс күні саналады.

7. Қазақстанда 1966 жылдан – ресми демалыс күні.

8. Кейбір елде 8-наурызда басқа мереке тойланады. Мәселен, Сирияда – Төңкеріс күні, Замбияда – Жастар күні, Малайзияда – Сұлтан күні.

«Әлемдегі ең сұлу – қазақ әйелі: менің жарым, менің анам, менің қызым. Қазақты қазақ қылған осы әйел болатын, сұлу ғана емес сымбатты, мінезді, ақылды, адал жар, абзал ана, ағайынға қамқор, ауыл-аймаққа құт ердің мақтаны, елдің көркі».

Мұхтар МАҒАУИН.

Мақтасақ, әйелді мақсайық та, құрметтейік те әйелді. Әйел-ана, барлық қиындықты жеңетін сарқылмайтын күш, көзді бұлақ емес пе?! Бұл шындық қой! Үйткені қай айнадан сұрасаң жа: – Біз өлімнен күштіміз. Біз дүниеге ақын да, ақыл да, данышпан да, ер де береміз. Өлім адам құртуға тырысса, біз оны жеңіп, адам баласын көбейттік! – демей ме?

Ғабит МҮСІРЕПОВ.

«Біздің жерімізде еркек – діңгек, әйел – гүл. Діңгек жапырақсыз, гүлсіз, қазақша айтқанда «қу бас» деген сөз. Әйел – құнарлы топырақ, онда адамзат дәні өсіп, жетіледі. Біз – сол дәннің жемісіміз. Әйелсіз адамзат «жемісі» ешқашан да болмайды.»

Бауыржан МОМЫШҰЛЫ.



Асыл ана, құтты болсын мерекең, Құшағына күллі әлемді сыйдырған.



Ана

Кеуденде мені тербеттін,
Жас шыбық енді көктеді.
Мінекей, мен де ер жеттім,
Еңбегің бекер кетпеді.
Өмірде мынау ең жақын,
Аяулым сенсің, анашым!
Болмаса мейлі зор данқың,
Мен үшін бірақ данасың
Мейірім төккен нұр жүзін
Тұрғандай сезем жанымда
«Адал бол - деуші ең, жұлдызым»
Сақталды сөзің жадымда
«Игі еңбек түбі осы-ау» дер
Көргендер жеміс ағашын
Қартаймай, мәңгі жасай бер
Мәңгілік күндей ағашым!

Фариза ОҢҒАРСЫНОВА.

Ана

Төлеген Айбергенов

Арманыңды ақтарам ба жүрегімде
тербесем,
Айға сінді, қарындасың қасиетті
Жерге сен.
Мен өзінді теңдесі жоқ күдірет деп
түсінем,
Сендік қуат мың есе артық Жердің
тарту күшің.
Сұлу әлем, әлем сұлу сен жаратқан
адаммен,
Көк жолының қарсылығын қағып
тастап барам мен.
Сендік қуат болар, бөлкім, басын
иді көк маған,
Әр кез сенен туғанымды есіме
алсам, тоқтаман.
Ал ұмытсам, ұмыт болып
қаларымды білемін,
Ұмыт қалмау үшін менің шарқ
ұрады жүрегім.
Шат жүріп-ақ қас қаққанша
боламын мен шерменде,
Жетім емес кей ананың жетімдігін
көргенде,
Көз алдымда жас дөңгелеп
булығам да ызадан,
Маған тіпті сөз келмейтін
ұяттардан қызарам.
Бұл дүниеге онсыз-дағы кеткен
жоқ па көп есен,
О, аналар, кей пасықты жаратасың
неге сен!
Тасбауырлар дүниеге келсін де,
тез кетсін де,
Әлде өзгелер ондайлардан
жиіркенсін дейсің бе?
Қай кеудені жылытады лапылдаған
отпен,
Өз кеудесін жылытуға күдіреті
жетпеген.
Анаң саған керек болса, балаңа да
сен керек,
Кезекпенен ауысатын ғұмыр ғой
бұл дөңгелек.
Ана керек, о, адамдар, ана керек
адамға,
Анасыздар аң сияқты күн кешіп
жүр ғаламда.
Пікірімді ұнатпаған таптық та дер
дананы,
Даналықтың қажеті жоқ сыйлау
үшін ананы.

Аяулы ана ұлағатты ұстаз

Қай кезде де елге еңбегі сіңген жағымды мінезімен жаққан адамдардың есімі халықтың жүрегінде ұзақ сақталатыны белгілі. Осындай өнегелі азаматтар арасында бейбіт күнде білігі асса билікке, өнері асса бәйгеге ерлермен бірдей таласқан қыз-келіншек ұстаздарымыздың орны ерекше. Ұлы Абай бабамыз айтқандай: «біреулер «ішсем, жесем» деп өмірін өткізсе, бірі «көрсем, білсем, үйренсем» деп қалыптасатыны анық. Осы ғұмырлық жолда, жақсы мен жаманды, туралық пен жасандылықты айыруға бірден-бір жол сілтеуші һәм үйретуші ұлы тұлғалардың бірі – ұстаз деп әділ бағасын беріп жүрміз. Ал мектеп – жас ұрпақты біліммен сусындатып, ұлттық рухта тәрбиелейтін, келешек ел басқарып, жер-суына иелік ететін, елін гүлдендіріп, мерейі мен мәртебесін көтеретін жасампаз азаматтарды шындайтын киелі алтын ұя. Халық батыры Бауыржан Момышұлы «Ұстаздық – ұлы құрмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбеккер егіншісін де, көншісін де ұстаз өсіреді. Өмірге ұрпақ

берген аналарды қандай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да сондай ардақтауға міндеттіміз» деген сөзі өзіміңіз ұлағатты ұстазымызды еске салады. Міне, осындай талай шәкірттерін білім нәріне сусындатып, өнегелі тәлім-тәрбиеге жол сілтеген, тәуелсіз еліміздің бейбіт күнінде білігі асса билікке, өнері асса бәйгеге ерлермен бірдей таласқан қыз-келіншек ұстаздарымыз аз емес. Осындай ұстаздарымыздың бірегейі – Торанғалық орта мектебінде қаншама жыл еңбек еткен ардақты ана, сүйікті әже, зейнеткер-ұстаз Авдилманаз Базар мұғалім.

Жақсы ұстаздың өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, қанша жылғы еңбегінің жемісі, шәкірттерінің же-тістігі екені анық. Базар мұғалім біздерге қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ берді. Білікті ұстаздың әр сабағы қызықты да тың деректерге толы болды. Базар мұғалімнің жөн сілтеуі мен бағыт-бағдар беруімен менде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығын тандап, ұстаз-дық жолға келдім. Оқушы кезімде білім берген Базар мұғалім кейін маған әріптес ретінде тәлімгерлік етіп,



ұстаз деген мамандықтың қиын да қызықты кезеңдерінде бар білгенін үйретіп, қаншама жылдық ұстаздық тәжірибесімен бөлісті. Базар мұғалімнің арқасында мен мол тәжірибе жинап, жан-жақты жетілдім десемде болады. Осы орайда, Сізді 8 наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Сізге шын жүректен бақыт, денсаулық және өмірдегі барлық жақсылықтарды тілеймін. Ұрпағыңызбен мың жасаңыз!

**Дәулетбай Қуатбек,
«Торанғалық НОМ» КММ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.**

Еңбегі бағалы, мінезі жайдары абзал жан



«Еңбек – адамның көркі, адам – заманының көркі» дегендей бар өмірін денсаулық сақтау саласына арнап, ұзақ жылдар бойы жемісті еңбек етіп, халықтың жылы ықыласы мен алғысына бөленіп жүрген адам жанының сауықтырушысы медицина саласының қызметкерлері десек артық айтқандық емес. Солардың бірі – «Ақтоғай ауданының орталық ауруханасы» КМК СӨС мейірбикесі және 2018 жылдан эпидемиолог болып жұмыс жасап келе жатқан Битанова Дарияш Сағатқызы. Үлкен мен кішінің жанына дауа болардай алдын-ала сау болу жөнінде келелі кеңес беріп, өмірге деген құлшынысын рухани арттырып, алғыс сезіміне бөленіп жүрген Дарияш апай туралы жазудың сәті аналар мерекесінде түсті. Халықтың алғысын арқалаған ақ халатты Дарияш Сағатқызы Қарағанды мемлекеттік медицина училищесіне 1981 жылы түсіп,

1984 жылы толық курсы санитарный фельдшер мамандығы бойынша бітірді.

Алғаш еңбек жолын туған жері Ақтоғай ауылынан 1984-2007 жылдар аралығында аудандық санэпидстанцияда химия лабораториясында лаборант болып жұмыс жасап бастаған. 2007-2011 жылдар аралығында Ақтоғай ауданының мемлекеттік санитарлық эпидемиологиялық басқармасында жетекші маман қызметін атқарып, өз мамандығына деген құштарлығын, білімін көрсете жүріп, 2011 жылдан бастап «Ақтоғай ауданының орталық ауруханасы» КМК СӨС мейірбикесі және 2018 жылдан эпидемиолог болып жұмыс жүр. Өмірінің 40 жылын адам жанының арашасы болуға арнаған Дарияш бүгінгі күнде зейнеткерлікке таяп қалдым деп, демалысын күтіп жүрген жандардың қатарынан емес. Заманмен бірге дамып, біліктілігін уақыт талабына қарай дамытып, соңынан еріп келе жатқан жас әріптестеріне өз ісінің қыр-сырын үйрете білген еңбеккер жан. Айналасына талапшыл, өз мамандығына және міндетіне аса жауапкершілікпен қарайтындығымен әріптестері арасында үлкен беделге ие.

Міне, осындай абзал жанның ана екендігін де естен шығармауға тиіспіз. Жолдасы Мәжит ағамен бірге 3 бала, 4 немере тәрбиелеп отырған ұлағатты отбасы. Балаларын отағасы екеуі оқытып, тоқытып, биік армандарына жетеледі. Бүгінгі Халықаралық Әйелдер күнінде Дарияш Битанова туралы жазуымның өз жөні бар. Менің кейіпкерім жұмысым көп деп қарап отыратын жан емес. Ауданның қоғамдық жұмыстарына белсене, білек түре атсалысатын жанның бірі. Талғампаз, тиянақты, тапсырылған

жұмысты жауапкершілікпен атқарады. Бірнеше жыл қатарынан аудандық аналар кеңесінің мүшесінде жүріп жұмыс жасаған сәттерінің куәсіміз. Ауданның облыстық, аудандық байқауларына белсене қатысады. Қазақтың ұлттық нақыштарын, салт-дәстүрін жақсы меңгергендігінен болуы керек «Бауырсақ», «Әжелер» сайыстарына қатысып, жүлделі орындарға ие болып, ауданның мәртебесін биіктеткен. Аудан аналарының шашбауын көтере жүріп, артынан ерген сінділерін де салт-дәстүрді қалай сақтауды, ұлттық рухты жоғары ұстануды, намысшыл болуды дәріптеп жүреді.

Дарияш Сағатқызы мақтау мен марапаттан көнде жан емес. Ұзақ жылғы еңбек жолында МСЭБ «Құрмет грамотасымен», ҚО ДСБ «Мадақтамасымен», ҚОДСБ «Алғыс хатымен», сонымен қатар Ақтоғай ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуына белсене атсалысқаны үшін аудан әкімінің Құрмет грамотасы, алғыс хаттарымен марапатталған.

Әйел бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербете отырып, қызметін де үйлестіріп отырған аяулы аналар. Ең жауапты салаларда еңбек ете жүріп, әрқашан жоғары кәсіби шеберлік танытып, алға қойған мақсатқа қол жеткізуде табандылық көрсетіп, ерекше әрі тиімді шешім таба білетін де біздің аяулы аналарымыз. Соның бірі, һәм бірегейі менің кейіпкерім.

Бүгінгі мерекеде мен де кейіпкеріме мықты денсаулық, отбасылық бақыт, еңбегіне табыс тілеймін.

**Гүлнар Метайқызы,
Ақтоғай ауылы.**

5 наурыз – ұлт көсемі, «Алаш» қозғалысының негізін қалаушысы һәм жетекшісі Әлихан Бөкейханның дүниеге келген күні. Әлихан Бөкейхан – қазақтың мемлекет қайраткері.

лиясқаров: –Қай ғасырда болмасын қазақ халқы көш бастаушы, сөз бастаушы ірі тұлғаларынан кенде болған емес. Қазақтың ұлттық рухын көтерген Әлихан Бөкейхан

Алаштың асыл арысы – Әлихан

Алаш партиясының жетекшісі, Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, публицист, ғалым, аудармашы. «Тірі болсам, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» деп ақтық демі қалғанша еліне адал қызмет еткен тұлғаның туғанына биыл 158 жыл толып отыр.

Осынау даланың дара тұлғасының туған жері Ақтоғай елі, аудан әкімдігі атаулы күндерге байланысты ұлт руханиятына қатысты іс-шарлар өткізуге ерекше көңіл бөлетіні анық. Күні кеше ұлт көсемі Әлихан Бөкейханның туған күніне орай ғасыр саңылағының есімін иеленген орта мектепте «Алаштың асыл арысы – Әлихан» атты іс-шара да осыны айғақтайды. Шараға аудан әкімінің орынбасары Абылай Аманжолов, ауданның білім бөлімінің басшысы Айдос Қуанышбаев қатысты. Мектеп оқушыларынан құралған Әлихан клубының қатысушылары өз-дері дайындаған деректерімен таныстырды. Шарада сөз алған ауданның археологиялық-этнографиялық музейінің қызметкері С.Қа-



еліміздің территориясын нығайтып кеткен, мемлекетіміздің өзектілігін жоғалтпаған ұлттық қағидаларын жасап кеткен ұлы тұлға. Әлихан Бөкейхан – ХХ ғасырдың бас кезінде қазақ даласында кенінен қанат жайған ұлт-азаттық «Алаш» қозғалысының негізін қалаушы және жетекшісі, Алашорда ұлттық аутономиясы Халық кеңесінің төрағасы болды, – деп оқушыларға Алаш арысы жайлы тың деректермен бөлісті. Жиын соңы мерекелік концертпен жалғасты.

Д.Тұяқбаев,
Ә.Бөкейхан ЖБОМ-нің мұғалім.

Ауданда «Көктем-2024» оқу-жаттығуы өтті

Таяуда Ақтоғай ауданында «Көктем-2024» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуы болып өтті.

Бұл жердегі мақсат аудан көлемінде азаматтық қорғау қызметінің құрылымдарын жоғары әзірлікке келтіру, ықтимал төтенше жағдайларды дер кезінде жою, көктем кезіндегі төтенше жағдайда халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету, зардап шеккендерді эвакуациялау және ұйымдар арасында өзара іс-қимылды ұйымдастыру, қолда бар күштерді, құралдар мен ресурстарды тартуға жан-жақты жәрдем және көмек көрсету жұмыстарын жүргізу болды.

Оқу-жаттығу барысында тиісті мекеме өкілдері аудан әкімдігі жанында күш-құралдар мен техникалардың әзірлігін қарау үшін сапқа тұрғызылды. Саптық тұрғызылуға аудан көлеміндегі Азаматтық қорғаудың қызметкері және әртүрлі техника қатысты. Аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің басшысы Нұрлан Жакупбаевтан рапорт қабылдаған аудан әкімі Руслан Кенжебеков сапта тұрғандардың дайындығын тексерді.

Аудан әкімі аппаратының төтенше жағдайлар жөніндегі бас маманы Ж.Азимбаевтың айтуынша аудан әкімінің өкімімен «2024 жылғы су тасқыны кезеңіндегі төтенше жағдайларды алдын алу жөніндегі

іс-шаралар жоспары» бекітілген. Ауданның ТЖ бөлімінің және аудан әкімдігінің қызметкерлері, ауылдық округ әкімдерімен бірлесе жоғарыда аталған ауылдарға және Қарабұлақ ауылдық округінің Нарманбет пен Қарасу ауылдарына және Тоқырауын өзеніне жақын орналасқан қыстақтарына барып, әрбір үй иелеріне әр қайсына ескерту, жазбаша түрде ескерту-хабарламаларды тарату жұмыстары іске асырылуда.

– Бүгінгі күнге елді мекендердің іші қардан тазартылуда. 950 тонна құм, топырақ (инертный материал), 4 500 дана қап және 4,7 тонна жанар-жағар май қорлары дайындалған. Жол учаскілерінде, елді мекендерде дер уақытында қорғаныс шаралары қолға алуға және алдын ала барлық 111 су ағар темірбетонды трубаларын және су ағар темір трубаларын қардан аршу, маңайын қардан тазалау жұмыстарын жүргізуге «Берер», «Тастемір», «НұрАсыл» ЖШС мен коммуналдық кәсіпор «Ақтоғай Су» ЖШС-нің және жеке кәсіпкерлерден жалпы 35 дана арнайы техникаларын жұмылдыруға дайын. Сонымен қатар адамдарды тасымалдауға арналған 4 автокөлік (ПАЗ-1 дана, ГАЗель-3 дана) және медициналық мақсатқа 10 жедел жәрдем көлігі, қалың қар, батпақ, суда жүре алатын 2 дана «ТРЭКОЛ» көлігі мен ГАЗ 66 техникасы сақадай сай, – дейді Ж.Азимбаев.

Думан Амангелдіұлы.

*Құқық заңнамасы

«Медиация туралы» Заңның тиімділігі

Елімізде дауларды шешудің қосымша әдісі ретінде 2011 жылдың 28 қаңтарында Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» Заңы жария етілді. Аталған Заң жеке және заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастарынан, сондай ақ, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар туралы істер бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу барысында және де сотқа дейінгі дауларды шешуге, сонымен қатар атқарушылық іс жүргізуді орындау кезінде туындайтын қатынастар бойынша қолданылады. Әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдардың мүдделеріне қатысты, тараптардың бірі мемлекеттік орган болып табылатын дауларға, сыбайлас жемқорлық қылмыстар, мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы өзге де қылмыстар туралы істер бойынша қолданылмайды. Сондай-ақ медиацияны ұйымдастыру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеп, жүргізу қағидаттары мен рәсімін, сондай-ақ медиатордың мәртебесін анықтайды.

«Медиация» сөзі латын тілінен аударғанда «делдал, екі тарапты

мәмілеге келтіруші үшінші тұлға» деген мағынаны білдіреді. Медиация тәсілі сот жүйесіндегі әділ төрелікті қамтамасыз етудің бірден- бір жолы болмақ, яғни тарапты қанағаттандыру негізінде жүргізілген келіссөз рәсімі. Медиация деген сөздің мағынасын екі жақты татуластыру рәсімі деп түсіндіруге болады.

Медиация институты қазақ қоғамына жат емес. Ұлтымыздың тарихында билер институты болған. Азаматтар арасында туындаған дау-дамайларды билер, шешендер немесе беделі бар жергілікті ақсақалдар әділ шешіп отырған. Билердің негізгі шешетін мәселесі келген шығынды қалпына келтіріліп дауласушыларды бітімге жеткізу болып табылған.

«Медиация туралы» Заңның күшіне енгеніне он үш жылдан артық уақыт өтседе, бұл заң Ақтоғай ауданы бойынша әлі күнге дейін кең көлемде қолданылмай отыр.

Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» Заңының 16-бабында аудан, қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімі Қазақстан Республикасының аумағында медиацияны кәсіби емес негізде жүзеге асыратын кәсіби

емес медиаторлардың тізімін жүргізетіндігі көрсетілген.

Ақтоғай ауданы бойынша кәсіби емес медиаторлардың тізімі аудан әкімшілігінде жүргізіледі. Ақтоғай ауданы бойынша білікті, білімді, абыройлы тұлғалардың арасында медиаторлар сайланып, оларға жергілікті жерлерде дауды (жанжалды) сотқа жеткізбей шешу құқығы берілген.

Ауыл аймақтарында жоғалған малды өндіру, отбасылық қатынастардан туындаған жанжалды реттеу медиаторлардың қолдарында. Сондықтан ауыл аймақтарда медиацияны кең пайдалану абзал.

Ауылдық әкімшіліктерде арнайы кабинет ашып қойып, дау-дамай пайда болған жағдайда, тараптарды сонда шақырып алып, бітімгершілікке келтіру жолын табуға болады.

Мемлекеттің тарапынан кәсіби емес медиаторға сыйақы беру заңда қарастырылмаған, сондай-ақ медиаторға жүгінген тұлғалардан сыйақы алуға да тыйым салынбаған, сондықтан кәсіби емес медиатор өз еңбегін бағалауға құқығы бар.

Медиацияның артықшылығы сотпен газет беттерінде, жұртшылықпен кездесулерде,

арнайы шаралар өткізу барысында үнемі айтылып отырылады.

Сотқа жүгінгенде талап қоюшы мемлекеттік баж төлеуге тиіс және де адвокаттың көмегіне өтемақы қарастырылған. Сотқа түскен талап арыз екі ай ішінде қаралады, ол заңды күшіне енгенге дейін тағы бір ай мерзім өтеді.

Сөйтіп, уақыт, қаражат жұмсалады. Ұйқыдан, күлкіден бірнеше ай айырылып жүріп, өз талабыңызды сотқа дәлелдей алмасаңыз, сотты кінәләп шығасыз.

Ал ауылда отырған медиаторға жүгінген жағдайда, қолда бар құжаттарды көрсетіп, қандай болса да дауды сол жерде ауыл ақсақалдары бар, учаскелік инспектор, әкімшілік қызметкерлері, үлкен-кішісі жиналып, бір шешімге келу жолын табуға болады.

Мемлекет сол үшін арнайы заң қабылдап, азаматтарға дауды (жанжалды) шешу жолын көрсетіп отыр. Бұл әлемдегі дамыған елдердің практикасы, үлкен компаниялар да қаражат дауларын медиатор арқылы шешіп жатады. Біздің ел де соған келеді. Ол - уақыт талабы.

Е.Боранбаев,
Ақтоғай аудандық сотының төрағасы.

Алғыс айту – парызым

Алғыс – біреудің екінші біреуге ықыласын білдіруі, рақмет айтуы.

Алғысты сөзбен немесе қимыл іс-әрекет, заттай сыйлық беру, тіпті жақсы қарым-қатынас түрінде де білдіруге болады. Өркім алғыс алу арқылы өзінің басқалармен қарым-қатынасын, өмірдегі орнын бағалай алады. Қазақ халқының ұғымында неғұрлым көп алғыс алған адам бақытты болады. «Алғыспен ел көгерер» деген мәтел соған меңзейді.

Көктемнің алғашқы күнімен қатар келген алғыс күні КМҚК «Айгөлек» бөбекжайында аталып өтті. Балабақшаның дәлізінде және барлық топтардың ата-аналар бұрышында қабырға газеттері мен ұстаздарға арналған құттықтаулар жасалды.



Балалар қайырымдылық пен сүйіспеншілік сезімдерін «Рақмет» деген қасиетті сөзді

және табиғат анаға мейірімді күні үшін, көңілді жаңбыры үшін және ажарлы күн

үшін, жұмсақ ұлпа бұлты үшін, жақын адамдарына қайырымдылығы мен махаббаты үшін, сонымен қатар балабақшаның тәрбиеленушілері балабақшаны аралап, апайлар мен ағайларына алғыстарын білдірді. Мектепалды және ересек тобының бұлдіршіндері арасында ұйымдастырылған мерекелік іс-шарада тақырыптық сурет көрмесі ұйымдастырылды.

1 наурыз – достық пен бірлігіміздің, мәдени сан алуандығымыздың жарқын дәлелі. Баршамызға ортақ ел мен жерді сүйіп, құрметтеуге серпін бермек. Олай болса көктемнің алғашқы күнімен қатар келген мерейлі мереке құтты болсын!

**А.Калияқасова,
Сарышаған кенті.**

*Өнер

Қазақ жұртында сахна өнері, оның ішінде би өнері бұрыннан ерекше қошеметке ие. Бұл өнер талғам мен сезімнің, жинақылық пен нәзіктіктің көрінісін айшықтайды. Оған қоса, жұрттың эстетикалық болмысын өспеттейді. Ол халқымыздың мәдениетін деңе қозғалыстары арқылы жеткізеді. Музыкалық ырғаққа сай деңе қимылы мен қозғалыстары арқылы мың бұралған сан түрлі образдарды бейнелеуге болады. Бекзат өнер саналатын би көрерменге адамның ішкі жан дүниесі мен мінез-құлқын да дәлме-дәл жеткізуді мақсат етеді. Тіпті тіл жеткізе алмайтын дүниелерді бимен айшықтауға болады. Одан бөлек, бұл өнердің денсаулыққа

бірі. Өткенге сәл шегініс жасасақ, «Балбырауын» би ансамблі 1980 жылы құрылған. 1988 жылы ансамбль «Халықтық» атағын алды. 1991 жылы Қазақтелерадио арнасының қазақ халқының салт-дәстүрін бейнелейтін «Қыз ұзату», «Келін түсіру» фильміне түсті. 1992 жылы Алматыдағы «Балуан Шолақ» атындағы спорт сарайында Қазақстан халықтары форумына қатысып өнер көрсетті. 1993-1995 жылдары Жезқазған қаласында өткен

шығармашылығы мен колөнерін сақтау жаңғырту және дәріптеу мақсатында «Ортеке» шеберлері мен орындаушыларының «Руханият» облыстық этнофестивалі өткен болатын. Аталмыш этнофестивальге «Балбырауын» халықтық би ұжымынан биші А.Сәкітай қатысып, 2 орын иеленді. 35 жылдық тарихы бар «Балбырауын» халықтық би ұжымы күні кеше аудан жұртына «Би әлем – би ғалам» атты шығармашылық концертін ұсынды. Қазақ халқының би өнерінің

мен Ә.Имаш, А.Есімованың күйлері кеш ажарын аша түсті. Концерттік бағдарламаны түйіндеген «Алаш аманаты» биі көрермен жүрегінен жылы орын тапты.

Кеш соңында аудан әкімінің орынбасары А.Аманжолов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Сыздықов, Ақтоғай ауылының тұрғыны, зейнеткер Қ.Қошантаев шараның мән-маңызына тоқталып, жас жеткіншектерге шығармашылық табыс тіледі. «Балбырауын» халықтық

Би әлем – би ғалам



тигізер пайдасы да орасан зор. Ал шетелдік мамандар бишілік өнер адамға мол энергия мен мықты қуат береді деп есептейді. Байқасаңыздар, латын-америка мен еуропалық билер спорттық бал билер тобына жатады. Себебі, оларда спорттық ойындардың элементтері көбірек кездесетіні мәлім. Жалпы кез-келген халықтың өзіндік ерекшеліктеріне қарай бишілік өнердің көркемдік бейнелеу мазмұны мен құралдары да түрліше болып келеді. Бүгінде би падишасы Шара Жиенқұлованың ізін қуған өнерпаздар аз емес. Елімізде жыл санап би ансамбльдері арта түсуде. Себебі, өнердің қай түрін болса да, дамыту үшін барлық жағдай жасалған, мемлекет тарапынан қолдау да бар.

Ақтоғай аудандық «Балбырауын» халықтық би ансамблі бүгінде көптің көңілінен шығып жүрген ұжымдардың

облыстық «Байқоңыр дауысы» және «Ұлытау үні» фестиваліне қатысып, құрмет грамотасымен марапатталып, дипломант атанған. 1996 жылы Алматыда өткен Жезқазған облысы мәдени күндеріне қатысты. 1998 жылы Астана қаласының тұсаукесер тойында «Тоқырауын толқыны» халықтық ансамблімен бірігіп, үлкен концерттік бағдарлама көрсетті.

1999 жылы Астана қаласында өткен Қарағанды облысының мәдени күндеріне қатысты. 2003 жылы Ресейдің Қорған қаласы күніне өнер сапарымен барды. 2015 жылы Астанада Қазақ хандығының 550 жылдығында өнер көрсетті. 2017-2018 жылдары ансамблдің 30 жылдық мерейтойына арнап шығармашылық концерт берді. Астана қаласында өткен халықаралық ЭКСПО көрмесінде өнер көрсетті. Қазақтың ерекше халық

өрісін кенейтіп, кәсіби деңгейін арттырып, өшпес өнегелі із қалдырып келе жатқан өнер ұжымдарының бірі де бірегей аудандық «Балбырауын» халықтық би ансамблі. Осы тұста бүгінде өскелең ұрпақты осынау өресі биік өнерге баулып жүрген аталмыш ансамблдің жетекшісі Мархабат Искакованың еңбегі ерекше атап өтуге болады. Сонау 1986 жылдардан бастап ансамблдің мүшесі болып қатысып, өнер көрсетіп келе жатқан

би ансамблі көк байрағымыздағы қыран құс сынды қанатын кенге жайып, жыл өткен сайын репертуар қоржынын толықтырып, өз өнерлерімен жұртшылықты қуанытып келеді. Би өнері – эстетикалық құрал. Би арқылы түрлі ұлт өкілдерінің өзіндік ерекшеліктері, іс-қимылдары көрініп тұруы қажет. Жалпы бишілік өнер – бөлек әлем. Оның дамуында шек жоқ. Сезім мен ой тереңдігі, өмірге деген құштарлықты тілсіз жеткізетін



биші, актриса М.Мұратқызының аудан өнерінің дамуына өзіндік үлесі бар.

Шығармашылық кештің шымылдығы «Дала әуені» биімен ашылды. Мұнан соң өнерпаз жастар «Ата толғауы», «Күстар», «Қылықты қыздар», «Молдабай», «Орыс», «Еңе тәрбиесі», «Татар», «Полька» билерімен көрермен көзайымына айналды. Сондай-ақ, М.Тәттімбет жырдан жауһар шашты. А.Сәкітайдың «Ортеке» биі

ансамблдің алар асуы әлі алда. Ұлттық би өнері жас баланың бойына өз ұлтының төл рухани мәдениетін, салт-дәстүрін, өдет-ғұрпын дарытады. Осындай игі қасиеттерді бойға сіңірген тұлға өз елінің ғана патриоты емес, өзге елдің де қазынасын құрметтей алатын әрі өркениеттің көшіне ілесе алатыны сөзсіз.

Думан ҚАБЫЛ.

Табиғат – тал бесік

Табиғат әсемдік төркінісің,
Ән саламын бір сенің көркің үшін.
Жан-жануар табынып бір өзіңе,
Сенен алып тұрғандай бар тынысын,-деп
Жамбыл ақын жырлағандай, Жер-Ананы сүйе
білу, оны аялау әр адамзаттың абзал борышы.

Табиғат – адамның күнкөріс көзі. Бірақ, оны еспесіз шашып-төгіп пайдалануға болмайды. Табиғат – келер ұрпақтың да мекен-тұрағы, несібесі, қызықтайтын қуанышы. Бүгінгі ұрпақ келешектегі ұрпақтардың несібесін жеп тауысса, бүлдіріп кетсе, күнәнің үлкені сол болмақ. Орман тоғайларымыз сол табиғаттың бір құрамдас бөлігі. Оны қорғау – қасиетті іс. Кез келген жұмыстың тиімділігі құрған жоспардың нақтылығына байланысты. Орман шаруашылығының жұмысы да жоспар мен тәртіпке негізделіп құрылған. Мәселен, мемлекеттік орман қорының аумағын белгілеу жұмысы орман алқаптарын құрамына, ағаштардың жасына, өсу жағдайына, орман байлығының қорына қарай жіктеп, бөлуден басталады. Мұндай толық сипаттамалар орман карталарына, арнайы кітаптарға енгізіледі. Аталмыш құжаттар орманда қажетті телімдерді жылдам тауып, орманды көбейту және қолдану, баптау жұмыстарын жоспарлауды жеңілдетеді.

Орманшыға қояр талап та жоғары. Орманды көбейту, өртке қарсы қауіпсіздік шараларын ұйымдастыру, қорғау сияқты орман шаруашылығындағы маңызды жұмыстар тәжірибелі жұмысшыларға сеніп тапсырылады.

Ормандарды өрттерден қорғау – күн тәртібінен түспей тұрған мәселелердің бірі. Орман шаруашылығы жұмысында өрттерді болжау, алдын алу, анықтау, от ошақтарын оқшаулау және жою жұмыстары бір жүйеге келтірілген.

Мемлекеттің асыл қорын келер ұрпаққа жеткізу жолындағы жауапкершілікті абыроймен атқара отырып, ормандарымызды ойдағыдай қорғау ісінде аянбауымыз қажет.

Н.Төкен,

«Тоқырауын орманшылығының» орманшысы.

Еске алу

Сарытерек ауылының тұрғыны болған, бірімізге қамқор, жанашыр бауыр, бірімізге аяулы ана, енді бірімізге асыл әже, ағайын-туыстың жанашыры, ақылшысы бола білген **Байсұлтанова Төкеннің** өмірден өткеніне 40 күннің жүзі болды. Анамыз өзінің барлық саналы ғұмырын ауданымыздың жас ұрпақтарын білім нәрімен сусындатуға арнаған ардақты ұстаз болды. Рухани жан-дүниесінің байлығы, адамға деген мейірімі ерекше болатын. Кеше ғана ортамызда отырған анамызды өткен шақпен айту да оңай емес, сену де қиын.



Ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, немерешөберелерін де соңынан ертіп, қамқор болып жүретін анамыздың жарқын бейнесін ұмытпаймыз.

Алланың өміріне шара жоқ, жаныңыз жәннатта, тәніңіз рахатта, мінгеніңіз пырақ, жаққаныңыз шырақ болсын деп қол жайып дұға бағыштаймыз. Кеттіңіз ғой келмес тұраққа,

Сапар шегіп, шексіз-шетсіз ұзаққа.
Жаратқаннан біз тілейміз қол жайып,
Жаныңыз мәңгі орын тапсын жұмақтан.

Сағына еске алушылар: балалары, немерелері, шөберелері.

Еске алу

Ақтоғай ауылының тұрғыны болған, кимас досымыз **Кәрімханов Ардақ Өкенұлы** ортамызда болса 56 жасқа толар еді. Ортамыздан кеткелі 10 жылдың жүзі болып, еске алып отырмыз кимас достары.



Жүрегі кең, жаны таза, айналасын мейірімге бөлеп жүретін досымыз кімге болса да қол ұшын беруге даяр тұратын. Құлын-тайдай асыр салып балалық бал-дәуренді бірге өткізген абзал жан өкпеге де қимайтын жақсымыз еді...

Қамшының сабындай ғана қысқа ғұмыр кешіп, жарық жұлдыздай ағып түсті. Өткен ортамызда орны бөлек досымыздың бұл күнде бізбен бірге болмайтынын кім білген?! Бізбен бірге біздің жүрегімізде жасай бермескің

Көрмеген қызығын Алла тағала артында қалған ұрпағына нәсіп етсін. Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа, рухың жәннатта шалқысын.

Бір сырлы, сегіз қырлы едің,
Еліне сондай сыйлы едің.
Ағайын, дос пен жаранға,
Күн шуағындай нұрлы едің.
Адал да асыл жар едің,
Барынша іскер жан едің.
Ел артқан жүкті қайыспай,
Көтере берер нар едің.
Артында қалған гүл бағың,
Ас беріп жатыр ұрпағың.
Желеп-жебеп жүрсінші,
Соларды сенің аруағың

Сағынышпен еске алушылар: 68 туған құрдас, достарың.

Еске алу

Асқар тау әке, қамқор аға, ардақты ата **Самат Сағатұлының** ортамыздан фәни жалғанға аттанғанына да жылжып жыл өтті. Бауырымыз өмірден өтсе де, көңіл төрімізде. Мейірімді, жарқын мінезді еді. Самат бауырымыз тірі болса, асқаралы 60 жасқа толған мерейжасын атап, арқа-жарқа болатын едік.



Тағдырдың жазуына не шара. Бұл күнде сені еске алуға жазыпты. Алладан иман байлығын сұрап, жаның жәннатта, тәнің рахатта болсын дейміз.

Жоксын сен бауыр бүгін ортамызда,
Аяздай батады сол арқамызға.
Дұға жасап, қол жайып, атыңды атап,
Отырамыз болсын деп әруағың ырза.
Тартып кеттің сырқаттың көп азабын.
Санамызды түмшалады нала-мұн.
Жайғастың ба жандарына мәңгіге,
Әкеміз бен ардақты, асыл Ананың.
Салды ажал тым ертерек құрығын,
Былдырлаған немеренің қызығын,
Үлгермедің тамашалап өткен-ай,
Атам қайда кеткен деп жүр бұзығын.
Үлгермедің тойлап 60 жасыңды,
Қалдырмаймыз дұғамыздан атыңды.
Тағдыр мұнша неге қатал болды екен,
Арамыздан алып кетер жақыңды?!

Сағынышпен еске алушылар: бауырлары – Дарияш, Зәуреш, Жанайдар.

21 маусым 2018 жылы **Асылханова Кулбаршын** қайтыс болуына байланысты мұралық іс ашылды. Мұрагерлер өзінің мұрагерлік құқығын рәсімдеу үшін Ақтоғай ауданының нотариусы Кишкентаева Саягуль Бекмоллаевнаға, Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі, 19 үй мекен жайына хабарласуына болады. Тел. 8-705-832-83-06

Еске алу



Ақтоғай ауылының тумалары болған **Каримханов Өкеннің** өмірден озғанына 5 жыл, **Каримханов Ардақтың** өмірден өткеніне 10 жыл болды. Тіршілігінде қарапайым, көрші-қолаңға, ағайынға қамқор бола білген абзал жандарды сағына еске аламыз.

Көрмеген қызықтарын артында қалған ұрпақтарына нәсіп етсін. Қараңғы жерлері жарық, жәннатта нұрлары шалқысын деп қол жайып дұға бағыштаймыз.

Қимағанмен босаңсып тамыр-жүйе,
Пендесіне жаратушы өзі ие.

О дүниеде топырақтарын торқа болып,
Жарылқасын алдарыңнан о дүние.

Еске алушылар: көршілері – Бикен, Райхан, Асан, Өміртай, Кәкен, Олжабай, Болат, Қымбат, Маржан, Сүйіндік, Дәулет, Еркебұлан Р., Ерлік, Еркебұлан, Қуаныш, Есхат, Бекайдар, Жанболат.

Еске алу

Қамшының сабындай қайран тірлік бір күні шарт сынары әмбеге аян. Өмірдің өзі күшті болғанмен, өтетіні өкінішті. Арамызда ойнап-күліп, жарқылдап жүрген досымыз **Қазақбаев Саламат Төкенғалыұлы** тірі болса 60 жасқа толар еді. «Асқар тау алыстаған сайын биіктейді» дегендей, досымыздың аңкылдаған ақпейілді жарқын келбеті көз алдымызда күні кешегідей сақталып қалған. «Жазмыштан озмыш жок» деген. Көрмеген қызығы мен жасамаған жасын артындағы ұрпақтарына, отбасына нәсіп етсін дейміз. Қараңғы жері жарық, жатқан жері жайлы болып, жәннатта нұры шалқысын деп дұға бағыштаймыз.



Байсалды едің, мінезің ақ, қадірің кең,
Айналанды еріткенсің шуағыңмен.
Қабірінді нұр жаусын ел дұғасы,
Алланың шапағаты шуағымен.

Еске алушы: досы – Рымбек-Роза, Ақжол

Еске алу

Асқар тау, аяулы жар, ардақты әкеміз **Маденият Жақанбайұлы** көзі тірі болса 70 жасқа толар еді... Бұл жалғанды төрк етіп, фәниге аттанғанына да 10 жылдың жүзі болды. Әкеміздің мерейжасында ақтарыла тілек айта алмай, алақан жазып құран бағыштағанымыз өкінішті-ақ. Амал не тағдырдың жазуына бағынамыз. Сағына еске ала отырып, топырағың торқа, жанның жәннатта нұрлансын деп тілейміз. Артыңыздағы анамызға, ұрпақтарыңызға Алла ғұмыр берсін дейміз.



Өзің жайлы айта алмаймыз тауысып,
Ел айтады, жұрт айтады жарысып.
Көпшіліктен алған алғыс, сауабың,
Жатқан шығар, рухыңменен қауышып.

Сағынышпен еске алушылар: жұбайы, балалары, немерелері.

Бұлақ көрсең көзін аш

Талант тау басында да талант, тас астында да талант. Жарып шығады. Оған дау жоқ. Дегенмен, сол еректі елеу, дараны демеу деген тағы бар. Ол болмаса, өнерпаз өрге баспайды, асудан аспайды. Ал, сол өнерпаздардың өнер өлкесіндегі өрісі кем емес, кең болу үшін Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап елімізде түрлі байқаулар ұйымдастырылып келеді.

Талантты талпындырып, қанат қақтыратын да осы байқаулар. Сондай сайыстардың бірі республикалық «Жас қанат» конкурсы. Тәуелсіздікпен бірге дүниеге келген мега жоба жұртқа жақсы таныс. Себебі, отандық эстрададағы жұлдыздарымыздың біразы осы «Жас қанаттан» қанаттанған.

Таяуда әр жыл сайын Ақтоғай аспанын әнге бөлейтін «Жас қанат – 2024» аудандық ән байқауы болып өтті. Сонымен, биылғы жылы да «Жас қанатта» бақ сынауға ниет білдірген өнерпаздардың қатары мол болды. Әншіні өнер көгінде жарқырататын басты күш – халықтың

ыстық ықыласы. Жұртшылықтың концертке ағылып келгеніне қарап, «Жас қанат» жағатын болашақ «жұлдыздың» кім екенін білуге деген құлшыныстарының күшті екенін аңғардық.

Жылдағы дәстүр бойынша байқау жеңімпазы мен жүлдегерлерін анықтайтын әділқазылар. Жас таланттар байқауының көрігі екінші айналымда одан сайын қыза түскенін байқадық. Бүгінгі күні сахнаға сәл жүрексіне аяқ басқан жас әншілердің де қобалжулары басылып, бойларында сенімділік пайда болғаны аңғарылып тұрды. Бұл жолы әншілер өздерінің репертуарында түрлі стильдегі туындылар бар екенін көрсетуге тырысып, өздерін екінші бір қырынан көрсетуді көздеді.

Жыл бойы «Жас қанатқа» қатысуды жоспарлап, шеберліктерін шыңдаудан жалықпаған үміткерлердің жүректерін лүпідеткен шешуші сәт туды. Концерт қызған сайын, халықтың

байқауға деген ынта-ықыласы да артып, екі айналым ішінде көңілдерінен орын тепкен сүйікті әншілерін қолдап-қолпаштап, мәре-сәре күйге түсті.

Шешуші кезеңде сахнаға көтерілген жас өнерпаздар өз репертуарларындағы үздік әндерін шырқады. Олардың ішінде қазақтың халық әні де, қазақ эстрадасына соңғы жылдары



қосылған жаңа әндер де болды.

Байқау қорытындысы бойынша бас жүлдені Ақтас ауылынан келген Мерболат Әбдіғалым жеңіп алса, I орын Ақтоғай ауылы атынан қатысқан Назерке Шапибайға бұйырды. Ал, II орынды Сәуле ауылының өнерпазы Яхия Нұрланқызы еншіледі. Екі III-ші орындарды ақтоғайлық Алдияр Сейфулла және Ғаният Ануарұлы иеленді. Сонымен қатар сайысқа қатысқан басқа да қатысушыларға арнайы ынталандыру сыйлықтары мен Алғыс хат табысталды.

Тағы да жаңа таланттар, жаңа есімдер. Олар да алдыңғы толқынның жолын қуып, ізін басуға ниетті. Байқаудың, қатысушылардың әр жетістігі - Тәуелсіз Қазақстанның да төл жетістігі. «Бұлақ көрсең, көзін аш», деген осы болса керек.

Өз тілшімізден.

Құттықтаймыз!



Қуаныш ауылының тұрғыны, отбасының ұйытқысы, шаңырағымыздың шамшырағы, әкеміздің асыл жары, аяулы анамыз, немерелерінің сүйікті әжесі **Сәния Дуанбекқызын** 70 жасқа толған мерейжасымен құттықтаймыз.

Үлкенге құрметпен, кішіге ізетпен қарау, ата-әжесін құрметтеу оған тән қасиет. Адал жар, сүйікті ана, мейірімді әже болып, ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырып, туған-туысқа дос-жаранға, бауырларына жылылық шуағын төгудің арқасында әулеттің анасына айналып отырсыз.

Аяулы Ана! Мына өмір сіз арқылы қызықты, мағынасы қымбат. Сіздің ақыл-парасатыңыз, ой-талғамыңыз бізге қашанда өнеге. Өрқашан Алланың назарында, бақыттың базарында мықты денсаулықпен арамызда жүре беріңіз.

Сіз біздің күнімізсіз жарқыраған, Анадан қуат алған жарты ғалам.

Құны мен қасиеті тозбайтұғын, Біз үшін Ана деген алтын адам.

Ігі тілекпен: балалары – Нұрбол-Гүлзинат, Дайрабай-Динара, Нұрғазы, Сұлтанғазы, Руслан-Саламат, Серғазы-Дидар, Ернат-Дина, немерелері, жиендері, осы тілекке әкеміз Серікқазы да қосылады.

Құттықтаймыз!



Аса құрметті асқар тау әкеміз, отбасымыздың ұйытқысы **Бишаев Сағадат Төлеуханұлы** зейнеткерлік жасқа толған мерейлі жасымен шын жүректен құттықтаймыз! Жүйрік уақыттың ұшқыр қанаты сізді мағыналы ғұмырыңыздың биік бір белесі – 63 жасқа алып жетті. Адам баласының

ұзақ өміріндегі бел-белестердің бәрі де елеулі саналса керек. Дегенмен пайғамбар жастың орны мүлдем ерекше екені баршаға мәлім. Міне, ортамызда аман-есен асқардың шыңына қол созып отырсыз.

Әрбір адамның өзіне тән ғұмыр жолы, тіршілік баяны бар, бірақ сіздің еңбек жолыңыз сан қырлы, шәкірт тәрбиелей жүріп, ұстаздығыңызды шығармашылық жұмыспен ұштастыра білдіңіз. Еткен еңбек, көрген бейнет, татқан зейнет, алған асу, жеткен биік өз алдына бір төбе. Сіздің саналы ғұмыр жолыңызды шәкірттеріңіз үлгі етіп, мақтан тұтады. Сіз өнегелі өмір сүріп, бақыттың бағында ұл-қыздарыңыздың қызығы мен қуанышына, немере, жиендеріңіздің сүйіспеншілігіне бөленіп, ағайын-туыс ортасындағы алтын көпірдей қадірлі қалпыңызды сақтап келесіз. Біз сізбен мақтанамыз, асқар тау әке. Сізге зор денсаулық, отбасылық бақыт, еңбекте табысты болуды тілейміз.

Ұл-қызының сезінумен арманын,

Ойлайтұғын әке-асқар тау жан-жағын.

Қуанышпен құттықтаймыз бүгін біз Әкеміздің 63-ке толғанын.

Әрбір белес, әрбір асу, ол – бір із,

Қашанда да жақсылыққа сәндіңіз.

Өмір-жолда бізге өнеге, үлгі боп,

Міне, Сіз де 63-ке келдіңіз.

Тілек білдірушілер: балалары – Айгерім-Батырхан, Құралай-Айдос, Абылай-Айгерім, Әлихан-Назерке, немерелері, жиендері, анамыз Күлән да қосылады.

Құттықтаймыз!



Құрметті құдамыз **Сағадат Төлеуханұлы!**

Сізді ұзақ жылғы еңбегіңіздің зейнеттік көру шақ – 63 жас зейнеткерлікке толған туған күніннен бастап шын жүректен құттықтаймыз. Сіз жылдар бойы ауданда спорт саласын дамытуда абыройлы қызмет жасадыңыз. Жасаған еңбек, төккен теріңіздің зейнетін көруіңізге тілектеспіз. Деніңізге саулық, отбасыңызға амандық тілей отырып, Күлән құдағи екеуіңіз ағайын-туыстың сый-құрметін, балаларыңыз бен немерелеріңіздің қызық қуаныштарына бөленіп, шаңырақтарыңызға әрдайым шаттық ұялап, босағаларыңыздан ырыс, құт-береке кетпеуіне ниеттеспіз.

Сыйластық мекені боп үй, төріңіз,

Тек шаттықпен өрілсін өміріңіз.

Немере, шөберемен бірге жасап,

Көктемдей жайнап жүрсін көңіліңіз.

Ігі тілекпен: құдағиыңыз – Қарлығаш, құда-құдағиларыңыз – Жайна, Жасулан-Бақыт, Айбол, Нұржан, Қаракөз.

Құттықтаймыз!

Құрметті көршіміз **Қожжеев Жанболат!**

Осынау мерейжасқа қадам басқан күніңіз құтты болып, туған-туыс, бала-шаға ортасында шаттыққа бөлене беріңіз. Сіз өзіңіздің бар күш-жігеріңізді аямай, ауылымыздың жастарын спортқа баулып келесіз. Еңбегіңіздің нәтижелері де аз емес. Сізге зор денсаулық, мол бақыт, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға амандық, шаңырағыңызға құт-береке тілейміз. Өрқашанда жүзіңізден шуақ төгіліп ортамызда құрметке бөленіп жүре беріңіз. Абырой мәртебеніз биік болып, Алланың берген жасын жасап ауырмай-сырқамай бақытты ғұмыр кешуіңізге тілектеспіз.

Ердің жасы – 50 жас құтты болсын,

Қуаныш пен шаттыққа орта толсын.

Денсаулық мықты болып, ұзақ жасап,

Шаңыраққа бақыттың құсы қонсын.

Ігі тілекпен: көршілері – Бикен, Мнифа, Райхан, Асан, Өміртай, Кәкен, Олжабай, Болат, Қымбат, Маржан, Сүйіндік, Дәулет, Еркебұлан Р., Ерлік, Еркебұлан, Қуаныш, Есхат, Беқайдар.



Құттықтаймыз!



Құрметті әріптестеріміз **Бишаев Сағадатты** 63 жас зейнетке шығу, **Қожкеев Жанболатты** ердің жасы 50-ге толған мерей жасымен, **Абибекова Алтынгүлді** 50-ге толған мерейжастарымен шын жүректен құттықтаймыз. Дендеріңізге саулық, мол қажыр-қайрат тілейміз. Жүрген орталарыңызда мерейлеріңіз өсіп, абырой-мәртебеге кенеліп, жүре бергейсіздер. Өмірдің берер несібесі таусылмай, жүздеріңізден шаттықтың шырайы кетпей, ортамызда ойнап-күліп жүре беріңіздер. Қуаныш иелеріне әлемдегі барлық жақсылықты тілейміз. Алланың тарту еткен әр күні тек қуаныштардан тұрсын. Тәтті өмірдің бақытына бөленіп, балалар мен немерелердің қызығын көруді нәсіп етсін.

Жарқын өмір шаттық арай сыйласын, Көңіл күйі тәтті әуенді тыймасын. Мерейлі күн гүлге бөлеп жүректі, Жайсаңдарды төрлеріне жинасын.

Ақ тілекпен: Қарағанды облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы «Ақтоғай аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» және Ақтоғай ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі.



Құрметті Бегімбетов Сайран Төлжатайұлы!

Сізді келіп жеткен 50 жас мерейтойыңызбен құттықтай отырып, шынайы көңілден шыққан ізгі тілегімізді жолдаймыз.

Құтты болсын бүгінгі 50 жасың, Көре берсін жақсылық жұмыр басың, Жымиған жылы жүзің жанға демеу,

Ұзақ болсын, досымыз ғұмыр жасың, 50 деген жарты ғасыр бұл өмірде, 50 деген алтын той некеліге. Елу жылда-ел жаңа деген сөз бар Сол елуге өзін де келдің міне Ұрпағың өсіп-өніп отау болды, Немеремен ізің де жалғанғаны, Қамқор жар, асқар әке, салмақты ата, Бұл да өзіңе алланың берген бағы.

Ізгі тілекпен: отбасылық достарың – Ермек-Меруерт, Абзал-Жазира, Сағдат-Айдынгүл, Жайна, Замзагүл, Надира, Қанат-Нұрилла, Мамыр-Гүлмира, Жандос-Анар, Алтай-Жанерке.

Құттықтаймыз!



Ақтоғай ауданының тұрғыны құрметті Бекенов Жанболат Төкенұлы!

Сізді елу жасты еңсеріп, алпыс жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз.

Осы қуанышты күні деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, шаңырағыңыз шаттыққа толып,

үйіңізге құт-береке келсін.

Ұзақ жыл еңбек етіп, өз кәсібіңізді жан-жақты терең меңгерген механизатор ретінде елге танымалсыз. Алдағы уақытта да абыройлы еңбектің арқасында ұжымда беделіңіз артып, алғысқа бөленіңіз.

Қуанышыңыз ұзағынан болып, немерелеріңіздің қызығын қызықтап, аңсаған арманыңыздың асуларына жете беріңіз.

Ізгі тілекпен: «Ақтоғай аграрлық-техникалық колледж» КМҚК ұжымы.



Құрметті бауырымыз

Жұмабай Қалижанұлы

60 жасқа толған мерейтойымен құттықтаймыз. Әулетіміздің алтын дінгегі, қорғаны болып отырған ардақты бауырымызға әр таңыңыз жақсылықпен атып, әр жылыңыз қуанышқа толы болсын. Әлия екеуіне зор денсаулық, мол бақыт, ашық аспан тілейміз. Екеуіңіз бірге қартайып, ұрпақтарыңыздың қызық-қуанышын бірге тойлап, немере-шөберенің қызығын көре беріңіздер.

Құтты болсын мерекелі тойыңыз, Орындалсын арман-мақсат, ойыңыз. Әулетіміздің құрметіне бөленіп, Өрқашанда биік төрде болыңыз.

Ізгі тілекпен: ағасы – Берікбол-Аманкүл, Алихан, Ерхан, Кенжегүл, Айгерім Жандығұловтар әулеті.



Құрметті асқар тау әкеміз, немерелеріңіз ардақты атасы **Бегімбетов Сайран!**

50 жас – адамның кемеліне келіп, алдыңғы толқын ағалардың ізін басып, кейінгі толқын инілері құрмет көрсетіп, ілтипат танытатын, ұл-қыз өсіріп, құда-жекжатты болып, немере сүйіп, өрісі кеңейіп, өркені өскен беделді кезені. Осындай мерейлі жасқа келген әкемізге тірлікте тұғырыңыздан таймай, әлі де талай асуларды табандылықпен алып, келер қиындықтарды қажырлықпен жеңіп, алға қойған мұраттарыңызға сүрінбей жете беріңіз демекпіз. Анамызбен бірге қартайып, мәуелі бәйтеректей жапырақ жайып, өркендей беріңіз.

Шаттық сыйлап арайлы әр тандарыңыз, Қызыққа тола берсін жан-жағыңыз. Ұлағатты ұрпақтан қызық көріп, Орындалсын бүгінгі арманыңыз.

Ізгі тілекпен: балаларыңыз – Абылай-Әсел, Азат-Арай, Дияс, немерелеріңіз – Медина, Елдана, Арсен, Нұрислам, Ахмедияр, Көзайым.



Құттықтаймыз!

Құрметті Бишаев Сағдат Төлжатайұлы!

Қызмет деген бір белестен өтіп, құрметті демалыс деген кезеңге жеттіңіз. Қуанышыңыз ұзағынан болсын. Ағайын -туыстың құрметіне, қосағыңыздың үлдесі мен бүлдесіне, немере мен шөберелердің шу-күлкісіне, ұл-қыздарыңыздың жеңісті шақтарың көрген шаттықтың бақытты сәттеріне бөленген әдемі ғұмыр кешіңіз. Құрметті демалысыңыз 100 жасқа дейін ұлассын.

Зейнет жасқа жетіп кепсіз зымырап, Бірақ қимыл әлі жастай шымыр-ақ. Еңбегіңіз зейнет болсын ендігі, Күндеріңіз мұң салмасын қырындап.

Ізгі тілекпен: Қайрат, Марат, Серік, Қазтай, Өмеш, Асқат, Коля, Мәжиттің отбастары.



Ардақты анамыз, аяулы жар, немерелеріңіз сүйікті әжесі, әулетіміздің шамшырағы **Абибекова Алтынгүлді** 50 жасқа толған мерейжасымен құттықтаймыз. Сіз осы мерейтойыңызды отбасыңыздың алтын қазығы болып, бала-шаға мен туған-туыстарыңыздың арасында үлкен қуанышқа келіп қарсы алып отырсыз. Осынау қуанышты күніңізде сізге ұзақ ғұмыр, мықты денсаулық тілеп, шаңырағыңыздан шаттық кетпесін дейміз. Балаларыңыз бен немерелеріңіздің қызығын көріп, үлкен бәйтеректей жапырағыңыз жайыла берсін. Жасыңызға жас қосылып, отбасыңыздың тірегі, ақылшысы болып әрдайым сыйлы ортада мәртебенің биіктей берсін дейміз.

Күндеріңіз көп болсын бақыт тұрған, Тойларыңыз құралсын өлең-жырдан. Баянды өмір жетелеп биіктерге, Көңіліңіз шаттансын қуаныштан.

Ақ тілекпен: балаларыңыз – Ұлан-Гүлжан, Арайлым, Ақжол, Аяулым, Сабина, немерелері – Қарақат, Аяқоз, Көзайым, осы тілекке әкеміз Балқашбек те қосылады.



Құрметті Әбибекова Алтынгүл Қартабайқызы!

Сізді көктемнің алғашқы күнінде келген мерейлі 50 жасыңызбен шын жүректен құттықтай отырып, көршілердің ізгі көңілінен шыққан ақ тілектерді жолдаймыз. Осы қуанышты күні сізге деніңіздің саулығын, шаңырағыңызға ырыс байлығын, жүрегіңізге мәңгі жастық жалынын, баянды ғұмыр, еңбекте жеміс, бала-шағаларыңыздың қызығын жан-жарыңызбен бірге көруге Алла нәсіп етсін.

Күміс күлкі жүзіңнен арылмасын, Болсын дейміз әрдайым бағың басым. Отбасына тілейміз біз амандық, Жаратқан дәйім Сізді жарылқасын!

Ізгі тілекпен: Мүсіркеп, Жетпіс, Абзал, Рахман, Төлубай, Сәкен, Серік, Ержан, Даша, Ардақ, Жоламан, Перизат, Жока, Марлен, Бейбіт, Нұрман.



Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГҮЛНАР МЕТАЕВНА Жауапты хатшы: Думан Қабыл

Редактор: Г.ЕЛЕУСИЗОВА

Меншік иесі: “Ақтоғай ажары” газеті редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: №КЗ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді. Таралымы 850 дана



Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.

Телефондар: редактор: 2-18-81.

тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39

Электрондық пошта aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.